



**КӘСІБІН ЖАҢА  
БАСТАҒАНДАРҒА  
ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН  
НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ**

3-бет



**ТӨЛЕ БИ  
АУДАНЫ –  
ТУРИЗМДІ  
ДАМУДЫҢ  
ЖАРҚЫН  
ҮЛГІСІ**

6-бет

**ҰТЫСТАН  
ҚҰР  
ҚАЛМАҢЫЗ!**



Біздің басылымдарға жазылып,  
ұтысты болыңыз!  
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО  
МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ  
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:

«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртеккің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

**ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ  
28 МАУСЫМ – журналистер күні анықталады.**

**Ал, іске сәт!**



# ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№34 (3565) 12 мамыр 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ҰРПАҚ САНАСЫ УЛАНБАСЫН ДЕСЕК...



**Тал отырғызу, гүл өсіру, дәнді дақылдар себу секілді егудің ізгі жолдары бар. Халқымызда жерді көгалдандыру, жер ананың жемісін тұтыну секілді амалдар – ардақты іс. Еліміздің басым өңірлерінде көп ағайын ризығын жерден тауып жеп отыр. Дегенмен, егудің барлығы адал деуге де келмейді. Мәселе – есірткі егу ісі жайлы.**

(Соңы 3-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

**Бақытжан ТӘЖІБАЙ,**  
«AQNET» қаззақстандық денсаулық сақтау қызметкерлері салалық кәсіподағының төрағасы:

### «МИНИСТРЛІК ДӘРІГЕРЛЕРДІ НОРМАТИВТЕР МЕН БҰЙРЫҚТАРҒА ШЫРМАП ТАСТАҒАН»

– Бақытжан Арынұлы, еңбек адамының мәртебесі туралы сөз болған кезде ойға ең алдымен медицина қызметкері түседі. Олардың құқығы тиісті деңгейде қорғалмағандықтан соңғы жылдары өз жауапкершілігін сезінбейтін кез келген адамның әлеуметтік желіде айтқан, жазған сөзі дәрігерге таяқ болып тиіп жатқанын жиі байқайтын болдық. Бұл неліктен?

– Бұл қазіргі таңда біз үшін де көкейкесті мәселе болып отыр. Егер оның мән-жайына үңілетін болсақ тамыры тереңде жатқанын байқауға болады. Бұл ең алдымен, елдегі денсаулық сақтау жүйесінің тиісті деңгейде жетілдірілмеуіне байланысты. Реформалар, ең бастысы, дәрігерлердің жағдайын жасаудан басталу қажет. Яғни, көмек сұрап келген адамға сапалы қызмет көрсету үшін дәрігердің жұмыс орны заман талабына сай құрал-жабдықтармен жабдықталған болуы тиіс және маман моральдық-психологиялық тұрғыдан қысым сезінбеуі керек.

(Соңы 5-бетте)

ПАРЛАМЕНТ

## БӘЛЕНІҢ БӘРІ БЛОГЕРДЕ МЕ?

**«Қоғамдағы көптеген келеңсіз құбылыстың себепшісі – блогерлер. Сондықтан тез арада олардың жауапкершілігін көтермесе болмайды. Парламент Мәжілісінен осындай аттаңдатқан айқай естілді. Оның иесі – төменгі палатадағы «Ауыл» партиясының өкілі Анас Баққожаев.**

Анас Ахатұлының Үкімет басшысы Әлихан Смайыловқа жасаған депутаттық сауалында блогерлер қауымына тақпаған айыбы жоқ десе де болғандай. Оның айтуынша, қазір өзін блогермін деп жүргендердің дені – ақпараттың рас-өтірігін тексермей, оңай жолмен баю мақсатында кез келген адамға жала жабудан тайынбайтын, бопсалап ақша табатын, атакқұмар, елдің берекесін бұзып, қауіпсіздігіне қатер төндіретін сауатсыз адамдар... Көпшілігі ел алдындағы беделін, атак-дәрежесін пайдаланып, халыққа көмек жасап жатқандай сыңай танытып, әлеуметтік желілерде түрлі «хайп» ұйымдастырады. Дәл осы блогерлер талай жылдан бері ұмыт болған қаржылық пирамиданың жандануына да себеп болды. Осы алаяқтарға сеніп қалған қаншама адам

суицид жасады, қаншама адам денсаулығынан айырылды, тағы қаншама адам үйсіз-күйсіз қалып, қаңғырып кетті?!

Елде болып жатқан түрлі әлеуметтік жағдайларды өз ыңғайына бұрмалап, оған ұлтаралық рең беріп, елге жалған ақпарат таратқан да осы блогерлер. Жеке азаматтардың ішкен-жегенін, киген киіміне дейін аңдып, қоғамда кибербуллинг жасап жүрген блогерлер тобы тағы бар. Өмірге деген көзқарасы енді қалыптасып келе жатқан жастарымыз осы блогерлерге еліктеп, жатып-ішерлікке әуестеніп барады, олар ұлтымызға жат мәдениет пен теріс идеологияны бойына сіңіріп жатыр. Осы блогерлердің сөзіне сеніп, шетелге күндікке түскен қыздарымыз қаншама?! Біз қысқа ғана уақыт ішінде сөзі мен ісіне

жауап бере алмайтын блогерлердің отанына айналып кеткендейміз. Бұл – қоғам үшін де, мемлекет үшін де қауіпті құбылыс екен.

Қысқасы, депутаттың сөзіне сенсек, бар пәленің көзі осы блогерлер болып отыр. Алайда, ол бұған нақты дәлел келтіруді депутаттық сауалында да, жиын соңынан сұраған журналистерге берген сұхбатында да қажет деп санамады. Айтуынша, мысал өте көп. Қазір оны жариялайтын болса, сөз көбейіп кетеді. Депутаттың пайымдауынша заң жүзінде блогерлер мәртебесі айқындалуы керек. Бұл кімдердің блогер екенін ажыратып, нақты жауапкершілік белгілеуге мүмкіндік береді. Осы ретте мерзімдік басылымдардың тиражы секілді олардың жазылушылар санында нақты өлшем болуы керек. Мәселен, жазылушыларының саны мыңнан асатын әлеуметтік желі пайдаланушыларын блогер деген дұрыс. Қысқасы, депутатқа салсақ бәрі оңай секілді.

Шын мәнінде қоғамға зиянды жазылушысы көп блогер келтіре ме, әлде жазылушысы азы ма? Өз атымен жазатындар қауіпті ме


әлде бүркеншік атпен көсілетіндерден келетін зардап көп пе? Соңғыларына қандай амал керек? Өйткені, олардың да жазылушысы аз емес және көп жағдайда қоғамдық пікірге от қоятындар да осы қой терісін жамылған қасқырлар екені байқалып жүр. Сауалы көп, жауабы беймәлім бұл мәселенің шешімі тек мәртебені айқындаумен шешіле қалса, әрине, қуанар едік.

Иә, Анас Ахатұлы айтқандай, блогерлер бар пәленің көзі болмаса да бірқатар келеңсіз оқиғаларға себеп болып жатқаны шындық. Басқаны айтпағанда, олардың тарапынан жасалатын кибербуллингтің елімізде құрбандары бар. Аңдамай сөйлеп, жазалы болып жатқаны да аз емес. Алысқа ұзамай, жуырда ғана депутаттық мандатын тапсыруға мәжбүр болған алматылық Елена Башинская ханымның түбіне әлеуметтік желідегі жазбаға қалдырған бір ауыз сөзі жетті.

Десе де, блогерлер тек мұндай келеңсіздіктің ғана емес, қоғамды алаңдатқан бірқатар өзекті мәселелердің шешілуінің де себебі болып жатқанын ескеруге тиіспіз. Кезінде жерге қатысты дау нүктесінің қойылуына осы әлеуметтік желі мүмкіндік бергені есте.

(Соңы 2-бетте)

# БӘЛЕНІҢ БӘРІ БЛОГЕРДЕ МЕ?



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндай мысалды көптеп келтіруге болады. Мәселен, қиянат көрген, заңсыздыққа тап болған азаматтарға көбіне фейсбуктегі қауым арашасы болып жатады. Қайырымдылық шарасын ұйымдастыруда да бұл алаңның пәрмені айтарлықтай. Белгілі деңгейде фейсбук алаңы халықтың көңіл-күйін, әлеуметтік жағдайын айқындайтын орынға айналып отыр. Мұны түсінген құзырлы орындар, депутаттар өз жұмыстарын осында насихаттап, оны қалың бұқармен байланыстың бір мүмкіндігі ретінде көруде. Онлайн платформалар көптеген замандастың табыс көзіне айналды. Қысқасы, қазақ қоғамында бар болғаны оншақты жыл ішінде әлеуметтік желілер блогерлер арқасында осындай күшке ие болды.

Мұның өзі олардың іс-әрекетін реттеу қажеттігін көрсетсе керек. Бірақ жүйелеу оңайға түспейтінін Ресейдің тәжірибесі көрсетіп отыр. Бұл ел осыдан үш жыл бұрын арнайы қабылдаған заңнамасының күшін жойып үлгеріпті. Германияда артық кеткен блогерлер қолданыстағы заңнама аясында жазасын алып жатады. Демек, мәселе блогерлік мәртебенің айқындалуында да емес сияқты. Осы ретте кейбір сарапшылардың оларды арнайы жіктеп, сол арқылы жауапкершілік жүктейтін болсақ, фейк аккаунттардың көбейіп кету қаупін де ойлау керек секілді. Онда, тіпті, қазіргі жағдайымызға жылап көрісуіміз әбден мүмкін. Қысқасы, бұл мәселеде жеті өлшеп, бір кесу қажет-ақ.

1997 жылы желілік журнал немесе оқиғалар күнделігі ретінде қолданысқа енген блог басында қарым-қатынас, жаңа таныстар табу, пікір алмасу,

шығармашылық қабілетін көрсетудің мүмкіндігіне айналған екен. Пайдаланудағы шектің, тыйымның жоқтығы пайдаланушылар қатарының тез көбеюіне ықпал етсе керек. Расында бүгінде қолына смартфон ұстағанның бәрі блогер секілді көрінеді. Әртіс, шопыр, биші, тіпті, үй шаруасындағы әйелдердің өзі де блогер ретінде танылып жатыр. Ежелден сөз қадірін түсінген, өлең-жырға құмар, араластықты жаны сүйетін қазақ қауымы үшін бұл алаң іздегенге сұраған болғаны анық. Әлеуметтік желілер бүгінде халқымыздың нағашы, қайын, өз жұртынан кейінгі төртінші жұртына айналып кетті десек болғандай. Осы үрдісті қадағалап отырған ұйымдардың мәліметінше Қазақстанда қазіргі таңда 550 мыңнан астам блогер бар екен. Жалпы, әлемдік өлшем бойынша мың адамнан астам оқырманы бар әлеуметтік желі қолданушысы блогер болып есептеледі. Ал елімізде 400 мыңнан астам азаматтың осындай жүйелерде он мыңнан астам оқырманы бар.

Қалай десек те заманның озық технологиясы қазақтың оң жамбасына келіп тұр. Аталған келеңсіздіктерді айтпағанда, жалпы ақпараттық технологияның бұл жетістігінен ұтып жатқанымыз аз емес. Сондықтан бұл үрдіске үрке қарамай, яғни, блогерлікті келеңсіздікті жоюдың мүмкіндігі ретінде қарай білсек, ұтарымыз көп болар еді. Қазіргі таңда блогерлікті журналистикамен бірдей деңгейге қоятындар бар. Шын мәнінде екеуі бөлек әлем.

Журналист арнайы кәсіби білімі бар, соған сай құзыреті, міндеті, жауапкершілігі айқындалған маман болса, блогер ешбір салаға қатысты болмауы мүмкін. Белгілі журналист, Сенатор депутаты Бибігүл Жексенбайдың пікірінше, Мемлекет басшысының тапсырмасымен

дайындалып, Үкіметтің қарауына өткен «Масс-медиа туралы» заң жобасында журналист мәртебесінің нақтылы айқындалуы осы мамандық пен блогерліктің ара-жігін ашуға мүмкіндік береді. Жалпы, блогер белгілі саланың маманы болмаса да, ел азаматы. Сондықтан оның әрекеті еліміздегі тиісті заңнамалар негізінде тәпсірленіп, жауапкершілігі талап етілуі тиіс. Бұл әлемдік тәжірибе.

Десе де, құзырлы орын блогерлерге қатысты нақты шара қарастыру үстінде. Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясат департаментінің директоры Қайнар Ахетовтің айтуынша, бүгінде дайындалып жатқан онлайн платформа және интернет жарнамаға қатысты заң жобасында блогерлер тарапынан қоғамда туындап отырған барлық мәселе қамтылады. Яғни, онда онлайн платформаны қолданушының да, табыс табушының да мәртебесі айқындалып, іс-әрекеті реттеледі.

Онда интернет жарнама айрықша мәнге ие. Өйткені, онлайн платформалар арқылы құқыққа қайшы контенттер көп жарнамаланып жатыр. Яғни, смартфон ұстаған екінің бірі салдарын ескермей жалған ақпарат таратуда. Оның артында әртүрлі теріс пиғылдық күштердің мүддесі болуы мүмкін. Бұл мәселені құзырлы орын әлемдік тәжірибеге сәйкес онлайн платформаны қолданушы немесе ол арқылы табыс табушыларды таңбалау жолымен реттеме. Сонымен қатар уәкілетті орган Гугл, Мета секілді үлкен онлайн платформалармен келісім жүргізіп, олардың өкілдігін Қазақстанда ашпақ ниетте. Бірақ бұл үшін заңнамалық негіз керек. Егер осыған қол жетсе, онда құқыққа қайшы әрекеттерді әлеуметтік желілердің өздері тоқтатуға алып келетін тетіктер іске қосылады екен.

Төктерін айтқанда, блогерлік бүгінде қоғамның бас ауруына айналды. Әрине, оны жазу үшін әртүрлі технологиялық, заңнамалық тетіктердің іске қосылғаны керек. Бірақ байқауымызша олардың өзіне толыққанды шектеу қоя алмайды. Бұл ретте тілдің тас жаратынын, тас жармаса бас жаратынын, жалпы сөздің құдіретін, киесін ұғатын мәдени түсінік бәрінен маңызды-ау. Тағы да бәрі иманға, тәрбиеге тіреледі. Енді арзандап кеткен сөз қадірі артуы керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ, «Заң газеті»

Шымкенттегі «Су Ресурстары-Маркетинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қала және оған іргелес жатқан елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ететін бірден-бір мекеме. Апта басында осы мекеменің басшылығы мен жауапты мамандары тұтынушыларға 2022 жылы атқарылған жұмыстары бойынша есеп берді.

## СУ МАМАНДАРЫ ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІМЕН ТАНЫСТЫРДЫ



1 миллионға жуық халықты сумен қамту және су бұру қызметін ұсынатын кәсіпорынның жылдық есебі ашық форматта өтті. Іс-шараға үй және көше комитеттерінің төрағалары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, қалалық мәслихат депутаты, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті қызметкерлері шақырылған. Есепті тыңдауға кәсіпорынның фейсбук әлеуметтік желісіндегі ашық парақшасы арқылы әлеуметтік желі пайдаланушылары да мүмкіндік алды. Ал «Су Ресурстары-Маркетинг» ЖШС Бас директоры Анарбек Орман қатысушыларға 2022 жылғы кәсіпорынның инвестициялық бағдарламасының орындалуы туралы баяндап берді.

Кәсіпорын басшысы ең алдымен өздері қызмет көрсететін аумақта 1929,6 шақырымдық су құбыры арқылы халықты ауыз сумен қамтамасыз ететіндерін атап өтті. Есепті кезеңде 10 млрд 399 млн теңге кіріс кірсе, соның 2 млрд 395 млн теңгесі қызмет көрсету саласына жұмсалған. Ең көп жұмсалатын шығын (20 пайыз) – ескі құбырларды ауыстыру және қайта жөндеу, салық (16 пайыз), т.б. жұмсалады екен.

Сонымен бірге, 2022 жылы қала аумағында су қысымын реттегіш қондырғыларының орнатылуы да төтенше жағдайлардың алдын алуға көп септігін тигізген. Сондай-ақ, су сапасын бақылау нүктелерінен сынамаларды алу, оларды 44 бірдей көрсеткіш бойынша кәсіпорынның өз зертханасында тексеруге мүмкіндік бар екен.

Сала мамандарының қол жеткізген тағы бір жетістігі – тұтынылған су көрсеткіші туралы мәліметтерді қашықтықтан бақылауға болатындығы. Су шығынын азайтуға негіз болған да осы желілерді жаңарту, қайта құру жұмыстары қазіргі таңда кең көлемде қолға алынған. Инвестициялық бағдарламаны іске асыруда биылғы жылы да нақты жоспар құрылған.

– Жалпы, елімізде инженерлік желілердің тозығы жетіп тұрғанын Мемлекет басшысы бірнеше рет көтеріп, коммуналдық сала басшыларына, мамандарға нақты тапсырмалар берді. Бұл көрсеткішті алдағы жылдары 15 пайызға дейін төмендету керек. Оны қалпына келтіруге инвестицияның қажет екені анық. Оған қоса, тағы бір өте маңызды, әлеуметтік мәселе бар. Су және кәріз желілері бойынша апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізетін мамандардың және инженерлік құрамның жалақысы кәсіпорында 150 мың теңгеден аспайды. Табысы төмен мамандар салада тұрақтамайды. Басқа өңірлерде ол екі немесе 3 есе жоғары, – деп атап өтті кәсіпорын басшысы Анарбек Оңғарұлы.

Бұл мәселе бойынша есеп беру жиынында біраз пікірлер айтылды. Себебі, 1 млн 200 мыңға жуық халқы бар Шымкенттің су арнасында 1025 адам еңбек етеді. Алатын жалақысы жоғарыдағыдай. Ал Қарағанды қаласының 502964 тұрғынына 1819 су саласы мамандары қызмет көрсетеді, жалақы – 300 мың теңге көлемінде. Астанада бұл сала мамандарына 350 мың теңге көлемінде жалақы төленетін болса, Атырауда 500-550 мың теңге көлемінде жалақы алуға мүмкіндігі бар екен. Жиын барысында осы мәселеге байланысты Су арнасы ассоциациясы мен салалық министрлігіне ұсыныс жазылатын болды.

Сонымен қатар, қаладағы кәріз желілерін жаңарту жұмыстары бойынша шешімін күтіп жатқан мәселелер де баршылық екен. Жалпы, кәріз жүйелерінің тозығы жеткен бөлігі бойынша тек Шымкент қаласы ғана емес, еліміздің бірнеше ірі қаласының қызыл аймақта тұрғандығы сала мамандарын қатты алаңдататын көрінеді. Жиын барысында бұл төңіреkteгі мамандар пікірі де ортаға салынып, жан-жақты талқыға түсті.

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес уақыт және орын талғамайды. Кез келген мемлекет құқықтық жүйенің негізгі принциптеріне, сәйкес, адалдықты және параға сатылмаушылықты, ашықтық пен жауапкершілікті бейнелейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді саясатын жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі – парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырымен жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни, пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай қоғамдық сана қалыптастыру қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыптасуына қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайды.

Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға өкілеті жететін қызметкерлер айналысатыны белгілі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен ла-



уазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарды шырмал, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни, бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Серикқали БЕРДИБЕКОВ, Қарақия аудандық сотының төрағасы МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Сейтхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ, «Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҰРПАҚ САНАСЫ УЛАНБАСЫН ДЕСЕК...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Көктем келгеннен кәдімгі дихандарша есірткімен айналысатындар да жерін өңдеп, тұқымдығын шашуға тастүйін даярлық жұмыстарына қамданады. Бабын жасап, уақытылы күтімін келтіргеннен кейін шикізат етіп даярлап, ашық алаңдарда саудалайды.

Елімізде жыл сайын басаяғы 3 мыңнан аса есірткі егу, сату ісіне қатысты қылмыс тіркеледі екен. Бұлар топ болып «еңбек ететіндер» екенін ескерсек бұл 3 мыңның артында тағы да мыңдаған адамдар тұрғаны белгілі. Бұл жайлы осы аптада мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен өткен ҚР Президенті жанындағы Жастар саясаты кеңесінде айтылды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек елімізде 18 мыңнан аса адам есірткі өнімдеріне тәуелді көрінеді. Бұл ресми мәліметтегі тізімге енген «тексіздер», жасырын сауда айналымының тұтынушысы болып жүргені қаншама. Бір қорқыныштысы бұрынғы уақыттары есірткі өнімдеріне есі кеткендердің көбі соттылы болған, өмірінің көп уақытын түрмеде өткізген егде жастағы кісілер болса, қазірде тұтынушылар жасы да, жынысы да өзгерген. Қолжетімді, сатып алам деген адамға біз бен сіздің араңызда емін-еркін саудаланып жүр. Жыл сайын 20 тоннаға жуық есірткі өнімдері тәркіленеді. Оның 4 пайызы синтетикалық түрі. Бұны көбіне жастар тұтынады. Синтетикалық түрін сауда етіп жүргендердің де негізгі аудиториясы – жастар. Қорқыныштысы да осы.

Науқан аясында Қызылорда облысында «Есірткісіз аймақ» жобасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспар ұйымдастырушылық-дайындық жұмыстары, бірлескен жедел іс-шаралар жүргізу, есірткі және психотропты заттардың заңсыз айналымының жолын кесу, жобаны хабардар ету және медиа сүйемелдеу, есірткіге тәуелділігін ерте анықтау және күрес, есірткі қылмыстарының алдын алу, нашақорлықтың алдын алу, заңдылықтың сақталуын қадағалау секілді 8 бағыттан және заңнамалық жетілдіру жұмыстарынан тұрады. Сондай-ақ, жоспарлы жұмыстың жүйелі үйлестірілуіне облыс деңгейіндегі барлық құрылымдар мүдделі. Басым бағыттар түсінікті, оңай олжаға құныққан егіншілердің жолын кесу, контрабандалық жолмен есірткі өнімдерін тасымалдағандарды торуылдау, заңсыз сауда айналымдарын тоқтату секілді жұмыстар. Биыл есірткі алқаптарын анықтау мақсатында құны 84 млн теңге болатын 2 дана Toyota Land Cruiser 70 автәкілігі, 7,9 млн теңгеге DJI Matrice 600 Pro және 13,3 млн теңгеге DJI Matrice 300 RTK Combo дронын сатып алу жоспарлануда. Сонымен қатар, есірткі өнімдерін жастар арасында тұтыну дерегін анықтау мақсатында 8-11 сыныптарда оқитын 23 982 оқушыдан және 1-2 курста білім алатын 5060 студенттен жаппай наркотестілеу сынақтарын алу жоспарлануда. Бұл бағыт бойынша жергілікті бюджеттен наркология орталығының теңгерімінде бар 1000 наркотесті қоса алғанда 103,5 млн теңге қаржы бөлу жоспарлануда.

Плантациялық аймақтарды, есірткінің заңсыз айналымын анықтау бағытындағы волонтерларды, оның ішінде мал шаруашылығымен айналысушыларды тарту және дәлелді ақпараттарды хабарлау үшін 500 мың теңге қаржылай ынталандыру жасау да көзделген. Бұл үшін облыс әкімдігінің алдын ала келісімге сәйкес бюджеттен тыс қорлар арқылы 15 млн теңге қаржы бөлінген. Қалған жұмыстар қаржыны қажет етпейтін, жұмыс тобының мүмкіншілігі жететін және меншігінде бар ресурстар арқылы жүзеге асырылатын іс-шаралар кешені.

Есірткі бизнесінің ізін кесу арқылы жасалған жұмыстар қаншалықты күшейген сайын ол алаңдағы «әккілердің» айналасы соншалық жаңаланып, соншалықты жүйеленіп келеді. Адамнан айла артылған ба, әлеуметтік желінің әлеуеті асқан уақытта бұрынғыдай ашық алаңдарда, белгілі нысандарда сауда жасаудың керекі болмай қалды. Зерттеуімізше процесс былай болады екен. Есірткі іздегендердің дені жар жағалайтын көрінеді, тастанды үйлердің қабырғаларына, қала орталықтарындағы көзден таса нысандарға, шеткі аймақтардағы көше бойында «Telegram» әлеуметтік желісінің адресі көрсетілген сурет-жазбалар бейнеленеді. Әлгі электронды мекенжайға өтіп қалаған затыңызды алдыруға болады. Қалаңызды көрсетіп келіп жіберсеңіз алдыңыздан мейрамхана мәзіріндей беттер шыға келеді. Түріне, көлеміне қарай түрлі бағалар мен қызметтер көрсетілген. Жасыңыздан, кім екеніңізді сұрап жатқан ешкім жоқ. Кіресіз, тапсырыс бересіз, сәл күтсеңіз тасымалдаушы өніміңізді қай жерден алып кету керегін көрсетіп хабарлама жібереді. Бұл дегеніңіз, есірткіге еліккен жасөспірім баладан бастап егде жастағыларға дейін қолжетімді деген сөз. Атаулы кәсіп түрі тек тұтынушыларды ғана жалмап бара жатыр деуге болмайды. Тасымалдаушы деген тағы бір келеңсіз тұс бар. Дені – жастар. Қаржылық қиындықтан қажыған көп жастар оңай жолмен қаражат тапқанды қалайды екен. Тұтылғандары да бар. Қазан айында қала орталықтарында синтетикалық есірткі өнімдерін саудалап, нақтырақ айтқанда мобильдік қосымша арқылы тапсырыс қабылдап, синтетиканы қала көшелеріне жасырып жүрген қызметі үшін 24 жастағы қызылордалық азамат ұсталды. Кейін күдіктінің кінәсі толығымен дәлелденіп ҚР ҚК-нің 297-бабының 3-бөлігінің 1,3,5,6-тармағымен (Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу) сараланып, айыптау актісімен сотқа жолданды. Айыпталушы сот үкімімен кінәлі деп танылып, оған 10 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Қош, түсіндірме, тексеру жұмыстары жүргізілер, заңсыз пайда тапқысы келгендер құрықталар, тұтыңғандар да жазасыз қалмас. Ал бүлінген қоғамның обалын кімнен сұраймыз? Уланған ұрпақ санасын қайткенде түзей аламыз?!

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

АЙМАҚ

Биыл өңірде шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында «Mangystau business» бағдарламасын іске асыру жоспарланған. Оның аясында өз ісін жаңа бастаған жеке кәсіпкерлер жылдық 1%-бен 50 млн теңгеге дейін несие ала алады. Өңір басшысы Нұрлан Ноғаев бизнесте туризм саласына ден қоюы керек екенін атап өтті. Себебі, өңірдің туристік тартымдылығын арттыру облыстағы әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарының бірі.

## КӘСІБІН ЖАҢА БАСТАҒАНДАРҒА ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ



Қазақстанның экономикалық саясаты шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған. Ішкі нарықты отандық тауарлар мен қызметтерге қанықтыруға ерекше назар аударылады. Маңғыстауда шағын және орта бизнесті қолдау бойынша бірнеше шаралар пакеті іске асырылуда. Мысалы, 2023 жылы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 250 млн теңге бөлінген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 12 есе көп.

Бұдан бөлек, облыста шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында биыл «Mangystau business» өңірлік бағдарламасын іске асыру жоспарланған. Оның аясында ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер жылдық үстемемен 1% жеңілдікпен несие ала алады. Несие мерзімі – 60 ай. Өңірлік бағдарламаны іске асыру шеңберінде 50 жаңа жобаны қолдау көрсетіліп, 100-ден астам жұмыс орнын құру жоспарлануда.

– Біз мұнай саласында жұмысқа орналасу бәріне мүмкін емес екенін бірнеше рет ашық айттық. Сондықтан мемлекет тұрғындар өз кәсібімен айналысып, өз ісін ашуы үшін нақты шараларды ұсынады. Ол үшін мемлекет есебінде кез келген адам тегін білім алып, бизнес-жоспар жасақтай алады. Кәсіпкерлікті дамыту үшін жылдық 2,5% жеңілдетілген несие түріндегі қолдау шарасын пайдалануға мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ, биыл біз «Mangystau business» аймақтық бағдарламасын іске қосамыз. Бұл бағдарлама кез келген бастаушы кәсіпкерге үлкен мүмкіндік. Жасқа байланысты шектеу болмайды. Тұрғындарға арналған тағы

бір мүмкіндік: ол грант, оны иелену үшін арнайы комиссия алдында әзірленген бизнес-жоспарыңызды қорғайсыз. Былтыр шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 36,7%-ға өсті. Бұдан шығатын қорытынды, өңір экономикасындағы кәсіпкерлік саланың үлесі жыл өткен сайын артып келеді, – деді Нұрлан Ноғаев.

2022 жылы 3 273 шағын және орта бизнес жобасы мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдаланған. Оның ішінде:

– кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында 46 млрд теңге сомасына 3 106 жобаға қолдау көрсетілген. Нәтижесінде 274 жаңа жұмыс орны құрылып, 520 жұмыс орны сақталған;

– жұмыспен қамту жол картасы аясында 1 млрд теңгеге 167 жобаға қолдау көрсетілген.

Өңір басшысы өз бизнесін дамытқысы келетіндер ішкі туризмге назар аударуы керек екенін атап өтті.

– Шағын және орта бизнес туристік индустрияның дамуына зор үлес қосады. Шағын қонақ үйлер мен кафе-барларды, экскурсоводтар, ұлттық кәдесыйлар мен жергілікті азық-түлік өндірушілері туристің сапардан қандай әсер алатынына ықпал етеді. Мен өңіріміздің әр ауылында қолөнермен айналысатын, киіз өңдеп, ұлттық стилдегі қолөнер бұйымдарын жасай-

тын адамдар бар екеніне бірнеше рет назар аудардым. Неге осындай ерекше дүниелерімізді, жергілікті туризмді сапалы жаңа деңгейге шығармасақ, – деп атап өтті облыс әкімі.

Туризм Қазақстан үшін салыстырмалы түрде жаңа сала. Дегенмен, Маңғыстау облысы көптеген киелі орындар мен тарихи-мәдени ескерткіштері, өзінің географиялық орналасуына байланысты туризм саласында үлкен әлеуетке ие.

Өңірдің туристік саласын дамытудың маңызы жыл сайын артып келеді. Мұны саладағы оң динамикадан да көруге болады. 2022 жылы бұл салада көрсетілген қызметтер көлемі 11,5 млрд теңгені құрап, 1,6 есеге өскен. Жыл басынан бері аймаққа шетелден және еліміздің басқа өңірлерінен 310 мыңнан астам турист келген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6%-ға артық. Жыл басынан бері 6 рейс іске қосылған. Олар: Ақтау-Лондон, Ақтау-минералды сулар, Ақтау-Екатеринбург, Ақтау-Санкт-Петербург, Ақтау-Уфа, Ақтау-Сочи бағыттары.

Курорттық аймақты дамыту шеңберінде 2022 жылы жергілікті инвесторлар 4 жобаны іске асырған. Нәтижесінде 1,1 млрд теңгеден астам инвестиция тартумен 80-нен астам жаңа жұмыс орны құрылған.

Жалпы, өңірде туризм саласында 2023–2025 жылдар аралығында сомасы 100 млрд теңгеге 14 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған.

– Осы жобалардың барлығы өңір экономикасының дамуына оң мультипликативті серпін береді. Туристік сала қазіргі Қазақстан экономикасының жетекші салаларының біріне айналуы мүмкін. Статистикалық деректерге қарайтын болсақ, табыс көлемі бойынша туризм әлемдік экономиканың жетекші салалары арасында үшінші орынды иеленді, – деп қорытындылады Нұрлан Ноғаев.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ



САНДЫҚ ФОРМАТ

## ҚОЛЖЕТІМДІ ҚҰЖАТТАР САНЫ АРТТЫ

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның хабарлауынша, eGov.kz порталы мен eGov Mobile мобильді қосымшасында қолжетімді медициналық қызметтердің саны ұлғайды. Атап айтқанда, санаторий-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды алуға және алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту үшін анықтама алуға өтінім бере алады.

«Санаторий-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру» қызметі арқылы санаториге емделуге қорытынды алу үшін электрондық өтінім берген кезде жіберілген диагнозға сәйкес клиникалық-диагностикалық зерттеулер нәтижелерінің электрондық көшірмесі болуы қажет. Қызмет көрсету нәтижесі: электрондық құжаттың 069/у нысаны бойынша берілген санаторий-курорттық карта немесе электрондық құжат нысанында «Жеке кабинетке» жіберілген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Санаторий-курорттық емдеу – мамандандырылған мекемелерде көрсетілетін және минералды сулар, емдік балшық, термалды бұлақтар, т.б. сияқты санаторий-курорттық аймақтың табиғи факторларына негізделген кешенді емдеу-профилактикалық көмекті қамтиды.

«Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту» мемлекеттік қызметін мына топтар қолдана алады: дәріханалардың, фармацевтикалық ұйымдардың қызметкерлері; қызмет көрсету саласының қызметкерлері (моншалар, сауналар, шаштараздар, сұлулық салондары, кір жуатын орындар,

химиялық тазалаушылар), бассейндер мен гидротациялар, балшық ванналар, спорттық-сауықтыру ұйымдарының жұмысшылары; қан қызметі ұйымдарының медицина қызметкерлері, хирургиялық, гинекологиялық, акушерлік, гематологиялық, стоматологиялық профильдердің қызметкерлері және медицина қызметкерлері; мектепке дейінгі ұйымдардың, мектеп-интернаттардың, балалар санаториялық-курорттық жыл бойғы сауықтыру ұйымдарының, балалар үйлерінің қызметкерлері, отбасы үлгісіндегі үйлердің қызметкерлері; жолаушыларға қызмет көрсету ұйымдарының қызметкерлері (темір жол вокзалдары, аэровокзалдар, әуежайлар, теңіз және өзен станциялары, автовокзалдар, метрополитендер); қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметкерлері; жалпы білім беретін мектептерге, орта арнаулы және жоғары оқу орындарына оқуға түсуге үміткерлер және тағы басқалар. Қызмет көрсету нәтижесі: №075-у нысанында берілген медициналық анықтама (дәрігердің консультативтік қорытындысы) не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап нысанында электрондық құжат «Жеке кабинетке» жолданады. Өтінімді өңдеу туралы хабарлама eGov.kz порталының «Жеке кабинетінде» 30 минут ішінде пайда болады.

Қызметтер eGov.kz порталында «Азаматтарға» – «Денсаулық сақтау» – «Медициналық көмек» бөлімінде қолжетімді. Ал оны eGov Mobile мобильді қосымшасында «Денсаулық сақтау» бөлімінде алуға болады.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

# ТАЛАПТЫ ӘКІМШІЛІК СОТҚА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанның барлық облыс орталықтарында, кейбір облыстық деңгейдегі емес қалаларда осындай қоғамдық құқықтық дауларды қарайтын арнайы мамандандырылған әкімшілік соттар ашылған және барлық аудандық соттардың құзыретіне бұндай дауларды қарау соттылығы жатқызылған, олардың жұмыс атқарып отырғандарына 2 жылдай уақыт болды.

2021 жылғы 1 шілдеде заңды күшіне енген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің талаптарына сәйкес талап қоюшы сотқа арызбен жүгінгенде оны әкімшілік талап түрінде ұсынуы қажет. Алайда, қазіргі күнге дейін талап қоюшы және оның өкілдері Азаматтық процестік кодекстің талаптарына жүгіне отырып сотқа талап арыз береді.

Нақты жағдайда ӘРПК-нің 131-бабында талап қоюшы әкімшілік сотқа жүгінгенде әкімшілік талап қояды деп көрсетілген. Талап қою сотқа жазбаша нысанда не талап қоюшының және оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі.

Талап қоюда мыналар көрсетілуіне тиіс:

- талап қою берілетін соттың атауы;
- егер талап қоюшы жеке тұлға болса, талап қоюшының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрғылықты жері, оның туған күні мен жері, егер талап қоюды өкіл берсе, өкілдің аты-жөні мен оның мекенжайы; талап қоюшының, оның өкілінің телефон нөмірлері, электрондық поштасы;
- егер талап қоюшы заңды тұлға немесе өзге ұйым болса, талап қоюшының атауы, оның орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі және банктік деректемелері;

- жауапкердің атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері (егер олар талап қоюшыға мәлім болса) және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол талап қоюшыға мәлім болса). Егер олар талап қоюшыға мәлім болса, талап қоюда жауапкердің телефондарының нөмірлері мен электрондық мекенжайы көрсетілуіне тиіс;

- талап қою талаптарының мазмұны (талап қою нысанасы) және талап қоюшы өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды баяндау (талап қою негіздері), талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылуының немесе бұзылу қаупінің мәні. Талап қою бірнеше жауапкерге берілген жағдайда, жауапкерлердің әрқайсысына қатысты талап қою талаптарының мазмұны; - егер бұл заңда белгіленген болса, жауапкерге сотқа дейін жүгіну тәртібінің сақталуы туралы мәліметтер; - құжаттардың және басқа да қоса берілетін материалдардың тізбесі (болған кезде).

Талап қоюда, әдетте мыналар да көрсетіледі:

- талап қоюшының жауапкердің оның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны туралы, оларды жүзеге асыруға кедергілердің белгіленгені туралы не өзін қандай да бір міндеттің заңсыз қолданылғаны туралы негізделген пікірі;



Erjan ҚАЛКЕН, Май аудандық сотының төрағасы

- қажет болған жағдайда – мемлекеттік баж төлеуді кейінге қалдыру, оны бөліп төлеу, төлеуден босату туралы; сот сараптамасын тағайындау туралы; дәлелдемелерді талап ету туралы; куәларды шақыру туралы; талап қоюды қамтамасыз ету туралы жазбаша өтінішхат және басқа да өтінішхаттар.

Талап қою талаптары негізделетін мән-жайларды растау үшін талап қоюшы дәлелдемелерді ұсынады, ал мүмкін болмаған жағдайда тиісті себептерді көрсете отырып, өзі дербес бере алмайтын дәлелдемелерді көрсетеді. Талап қоюға талап қоюшы немесе оған қол қоюға өкілетті болған жағдайда оның өкілі қол қояды. Егер талап қоюды өкіл берсе, онда өкілдің аты, оның пошталық мекенжайы, сондай-ақ, егер ондайлар бар болса, теле-

фондарының нөмірлері, электрондық поштасының мекенжайы көрсетіледі. Талап қоюға қоса берілетін құжаттар, әдетте, төлнұсқаларда ұсынылады. Құжаттарды төлнұсқаларда ұсыну мүмкін болмаған кезде олар заңда белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелерде ұсынылуы мүмкін. Егер төлнұсқаның болмауы себебінен құжаттың көшірмесін куәландыру мүмкін болмаса, талап қоюда мұндай әрекеттерді жасаудың мүмкін болмауы себебі жазылуға тиіс.

Талап қоюшы талаппен сотқа жүгінген уақытта талаптың түрін анықтау аса маңызды болып табылады.

ӘРПК талаптың 4 түрі бар: дау айту туралы талап қою; мәжбүрлеу туралы талап қою; әрекет жасау туралы талап қою; тану туралы талап қою.

Әкімшілік актіде талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, ол әкімшілік актінің күшін жою туралы талап беріледі. Мысалы, жер телімін немесе тұрғын үй беруден бас тарту туралы әкімшілік актінің заңсыз деп тану және күшін жою. Немесе салық органының хабарламасын заңсыз деп тану және күшін жою.

Мәжбүрлеу туралы талап қою бойынша талап қоюшы қабылдануынан бас тартылған не әкімшілік органының, лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылданбаған қолайлы әкімшілік актінің қабылдауын талап етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда бас тартуға дау айту туралы жеке талап ету қажет етілмейді. Мысалы, әкімшілік органды жер телімін немесе тұрғын үй беру туралы қолайлы әкімшілік актісін қабылдауды міндеттеу.

Әрекет жасау туралы талап қою бойынша талап қоюшы белгілі бір әрекеттер жасауды немесе әкімшілік актінің қабылдауға бағытталмаған мұндай әрекеттерден қалыс қалуды талап етуі мүмкін. Мысалы, әкімшілік органды объектіні бұзу бойынша бөлшектеу жұмыстарын жүргізуге міндеттеу.

Тану туралы талап қою бойынша талап қоюшы, егер талап қоюды бере алмаса, қандай да бір құқықтық қатынастың бар немесе жоқ екенін тануды талап етуі мүмкін. Мысалы, тұрғын үйге мұқтаж адамды тұрғын үй бойынша қайта есепке тұрғызуды

тану. Сонымен қатар, тану туралы талап бойынша, талап қоюшы заңды күші жоқ ауыртпалық салатын әкімшілік акт заңсыз деп тануды талап етуі мүмкін.

Қандай жағдай болмаса да, талап қоюшы талаптың түріне қарамастан ӘРПК-нің 136-бабында көрсетілген мерзімді сақтау қажет.

Мәжбүрлеу шараларына дау айту туралы талаптар дауды қарау қорытындысы бойынша шағымды қараған органның шешімді табыс еткен күннен бастап он күн ішінде беріледі.

Әрекет жасау туралы талап қою адамға әрекеттің жасалғаны туралы мәлім болған, сондай-ақ, әрекет жасау үшін Қазақстан заңнамасында белгіленген мерзім өткен күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі. Тану туралы талап қою сотқа тиісті құқықтық қатынас туындаған кезден бастап бес жыл ішінде беріледі.

Заңды күші жоқ, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің заңсыз деп тану туралы талап адамға осы акт арқылы оның құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылғаны туралы мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде мәлімделуі мүмкін.

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа жіберіледі.

Дәлелді себеппен өткізіп алынған талап қоюды беруге арналған мерзімді сот Азаматтық процестік кодекс қағидалары бойынша қалпына келтіруі мүмкін. Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімдерді өткізіп алу себептері мен олардың мәнін әкімшілік істің дұрыс шешілуі үшін сот алдын ала тыңдауда анықтайды.

Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімді дәлелді себепсіз өткізіп алу, сондай-ақ, сотқа жүгінуді өтіп кеткен мерзімін қалпына келтірудің мүмкін болмауы талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

## МЕДИАЦИЯДА ҰТЫЛҒАН ТАРАП БОЛМАЙДЫ

Елімізде «Медиация туралы» заңның қабылдануына байланысты дауласқан тараптарды татуластыруға, бітімгершілік келісімге келтіруге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіліп отыр.

Бұл шаралардың түпкі мақсаты, басқалардың заңсыз әрекеттерінен зардап шеккен тұлғалардың материалдық және моральдық мүдделерін қорғап, оларға келген зиянның орнын нақты түрде толтыру, бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қайтадан қалпына келтіру. Зиян шеккен тұлға кінәлінің жазаланғанынан гөрі оның келтірген шығынды өтеп, бұзылған құқықты қалпына келтіргенін қалайды.

Қазірде, татуластыру рәсімдерін жүзеге асыруда судьяның нақты міндеттері заңмен нақтыланды. Дауды татуластыру рәсімдері арқылы шешудің азаматтық іс жүргізудің субъектілеріне тиімді және оң тұстары жетіп атылады.

Татуласу кезінде, судьямен өткізілген татуластыру рәсінде тараптар татуласып, дау бітімгершілік нәтижесінде шешіліп, талап қоюшы өз кезегінде талап қою арызынан бас тартады. Екі тарапта сот бекіткен медиациялық келісімге риза болып, нәтижесінде іс өндіріспен тоқтатылады. Көбінесе жеке тараптар өз бетімен келісіп, біріне бірі келтірген зиянды өз еріктерімен қалпына келтіріп, татуласады.

Сонымен, тараптар татуласып, медиация немесе бітімгершілік келісімге келгені – бұл дауды сотқа дейін шешудің оңтайлы тәсілі, бұған екі тарапта өз ерікпен келеді, сәйкесінше олар өз құқықтарының қалпына келгеніне көздері жетіп, соттың актісімен келіседі. Дауды татуластыру рәсімдері арқылы реттеу сот шешіміне қараған-



Aipatsha МУСИНА, Ақтөбе қалалық сотының судьясы

да тараптардың татуласып, бітімге келуіне ықпалды.

Одан басқа, көп жағдайларда дау тараптардың заң нормаларын дұрыс түсінбеуінен туындап жатады. Сол нормаларды соттың тиісті түрде түсіндіруі татуластыру рәсімдерімен дауласушы тарапты ымыраға келтірері сөзсіз. Тағы да, татуласу рәсімдері тараптар арасындағы дауға соңғы нүкте қоюдың алғы шарты, ал сот шешімі бір тараптың пайдасына шешіледі, сотта бітімгершілікке келу нәтижесінде соттың да тараптардың да уақыты үнемделеді.

Соттың медиативтік немесе бітімгершілік келісімді бекітуі тараптарды татуластыру рәсімдеріне жүгінуге сендіретін шешуші факторлардың бірі.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 23-тарауында жазбаша іс жүргізудің тәртібі көзделген. Сот тараптардың келісімімен әкімшілік істі жазбаша талқылауда ақылға қонымды, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қарауға құқылы.

## ЖАЗБАША ТАЛҚЫНЫҢ ТИІМДІ ТҰСТАРЫ КӨП

Аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен ақылға қонымды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Сот талқылауының мерзімін ұзарту туралы ұйғарым прокурордың өтінішхаты бойынша шағым жасауға, қайта қарауға жатпайды. Егер тараптың бұрын білдірілген келісімді қайтарып алу туралы өтінішхаты келіп түссе, сот ауызша талқылауға көшеді. Егер бұл істі дұрыс шешу үшін қажет болса, сот өз қалауы бойынша ауызша талқылауға көшуге құқылы. Жазбаша талқылау тәртібімен әкімшілік іс ауызша талқылауды жүргізбестен қаралады.

Әкімшілік іс осындай тәртіппен қаралған кезде сот тараптар ұсынған және өз бастамасы бойынша талап етілген дәлелдемелерді зерттейді және олар бойынша шешім қабылданады. Жазбаша талқылау кезінде сот қосымша сол мерзім ішінде өтінішхаттар мен құжаттарды ұсынуға болатын мерзімді тағайындайды. Дәлелдемелерді зерттеу, дәлелдеу нысанасы мен шектері жазбаша іс жүргізудің сипаты мен осы бапта белгіленген ерекшеліктері ескеріле отырып, Азаматтық процестік кодекс нормаларында белгіленеді. Әкімшілік процестің тараптары жазбаша дәлелдемені ұсынған адамдарды қоспағанда, мұндай дәлелдеменің қатыстылығына, жарамдылығына және анықтығына дау айтуға құқылы. Сот жазбаша

талқылауда, егер бұл әкімшілік істің тез шешілуіне ықпал етсе, ауызша талқылау үшін көзделген дәлелдемелерді жинау (ұсыну) және зерттеу үшін АПК-де белгіленген қағидаларды сақтаудан ауытқуға құқылы. Сот жеке процестік әрекетті жасау немесе процестік мәселені шешу үшін ауызша сот отырысын тағайындауы мүмкін. Мұндай сот отырысы жазбаша талқылаудың мәні жол беретін шамада ауызша сот талқылауының қағидалары бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте сот қажетті ақпарат пен дәлелдемелерді жазбаша нысанда ұсынуды талап ете алады. Қажетті ауызша сот талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады. Сонымен қатар ӘРПК-нің 150-бабында жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралатын әкімшілік іс бойынша шешім осы кодекстің 24-тарауында белгіленген және жазбаша іс жүргізу мәніне сәйкес келетін қағидалар ескеріле отырып қабылданады және оған апелляциялық және кассациялық тәртіптермен шағым жасалуы мүмкін. Нақтырақ айтқанда, сот дауды мәні бойынша қарап сот актісі шешім нысанында шығарылады. Шешім қысқаша нысанда шығарылуы мүмкін. Шешім әкімшілік істі талқылаудан кейін шығарылады және ауызша талқылау аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей дайындалады. Айрықша жағдайларда әкімшілік істің күрделілігі ескеріле отырып соттың

шешімі ауызша талқылау аяқталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей дайындалады. Шешімді шығару күні мыналар болып табылады: ауызша іс жүргізу үшін – әкімшілік іс бойынша шешім жарияланған күн; жазбаша іс жүргізу үшін – соттың шешімінде көрсетілген күн.

Жазбаша талқылау тәртібімен әкімшілік істі қарағанда ауызша талқылауды жүргізбестен қаралады, яғни сот процесі өткізілмейді. Жазбаша талқылаудың тиімділігі тараптардың уақытын үнемдейді және істің тез қаралуына бірден бір себеп деп тұжырымдауға болады. Әкімшілік істі жазбаша іс жүргізу тәртібімен қарау кезінде сот тараптар ұсынған және өз бастамасы бойынша талап етілген дәлелдемелерді зерттейді және олар бойынша шешім қабылдайды. Жазбаша талқылауда дәлелдемелерді зерттеу, дәлелдеу нысанасы мен шектері жазбаша іс жүргізудің сипаты мен осы бапта белгіленген ерекшеліктері ескеріле отырып, АПК-нің нормаларында белгіленеді. Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында әкімшілік істерді жазбаша талқылауда қарау үнемі өткізіліп отырады.

Мәселен, талап қоюшы Б., сотқа Ақтөбе қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі ММ-не тұрғын үй кезегін қалпына келтіру және іс-әрекетін заңсыз деп тану туралы талап арызбен жүгінді. Соттың 2022 жылғы 27 тамыздағы ұйғарымымен әкімшілік іс жүргізу қабылданды. Алдын ала тыңдау барысында тараптардан істі жазбаша іс жүргізуде қарау туралы өтініш келіп түсті. Сот істі жазбаша іс жүргізу тәртібінде қарады. Сөйтіп, жазбаша талқылауда тараптар өз уақытын үнемдеді, сонымен қатар істің тез қаралуына бірден бір себеп болды.

А.ШЕКЕНОВА, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Онда қызмет жасайтын адам қателесем, ертең сотталып кетем бе деп қорықпай, өзінің білімі мен тәжірибесін барынша пайдаланып, жұмысымен алаңсыз айналысуы керек. Алайда, бізде бәрі керісінше. Мамандар алдына көмек сұрап келген адамның жағдайын жасаумен емес, бірінші компьютерге үңіліп саладағы сансыз нормативтер бойынша құжат толтыруға мәжбүр. Оны Мәжілістің 20 сәуірде өткен жалпы отырысында Премьер-Министрге медициналық сақтандыруға қатысты жолдаған сауалында депутат Асхат Аймағамбетов те қозғады. «Қазір азаматтар ауруханаға барып тексерістен тегін өтемін десе, онда бір немесе үш ай күтуі керек. Ал егер адамдар сол тексерістен ақылы түрде өтемін десе, онда дәл сол уақытта 3 минутта өтуіне болады» деді. Оның себебі бізде мемлекеттік тапсырыспен жұмыс жасайтындарды министрліктің түрлі нормативтері мен бұйрықтарымен шырғап тастаған. Онсыз ештеңе істей алмаймыз. Салада мамандар жетіспеушілігі тақырыбын, тиесілі қаржыландырудың жоқтығын бәрі қозғайды. Кезек содан жиналып қалады. Ал ақылы бөлімде медициналық қызмет көрсетуге қатысты бұйрық та, норматив де бөлек. Сон-

онымен аралас салалар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы және 5 жыл бұрын құрылған «Senim» деп аталатын денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіподағы кіреді. Сондай-ақ, билік органдарындағы әкімшілік ресурстарды пайдаланып жұмыс беруші ұйымдарға қысым жасап, телефон қоңырауы және тағы басқаларды қолданып мүшелеріміздің бір түнде өзге кәсіподақтарға ауысуына түрткі болғанын әлі ұмытқан жоқпыз. Өкінішке қарай, олардың көпшілігі өзінің қай кәсіподаққа мүше екенін, ай сайын жалақысының 1 пайызы қайда аударылатынын, оның қалай жұмсалып жатқанын әлі білмейді. Әміршіл-әкімшіл биліктен жасқанып, тіпті өзінің заңды құқығын талап етуден де қорқады. Сондықтан кейбір әріптестері қызмет барысында жіберген қандай да бір қателіктің салдарынан негізді-негізсіз айыпталып, сотталып, тіпті біреулері 18 жылға дейін жаза арқалап кетіп жатқан кезде де бұл дұрыс емес деп айта алмайтын жағдайға жетті. Олар Конституция мен Еңбек кодексі және «Кәсіптік одақтар туралы» заңды ғана емес, өзі ай сайын жарна төлеп тұратын кәсіподақ ұйымының жарғыда көрсетілген міндеттеріне сай тегін құқықтық кеңесті де пайдалана алмайтын жағдайда жүр. Оған шындап келгенде билік қана



**Бақытжан ТӘЖІБАЙ,**

«AQNIET» қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлері салалық кәсіподағының төрағасы:

істеудің белгілі бір сатылары болу керек. Диплом алған соң жас маманды бірден операцияға кіргізбей, оны үйрететін тәлімгер болуы тиіс. Бұл маман өз бетімен ота жасай алады деген дәрежеге келген кезде тәлімгердің ұсынысымен жіберуге болады.

**– Сіздердің өзге кәсіподақтардан қандай айырмашылықтарыңыз бар?**

– Біз өз тарапымыздан сала мамандарына жағдай жасау, олардың жалақысын өсіру бағытында қолданыстағы заңнамаға өзгеріс жасауға атсалысып жатырмыз. Президенттің жалақыны өсіру туралы тапсырмасы бойынша министрлік 2022 жылы біліктілік категорияларға байланысты заңға өзгеріс енгізуі керек еді. Бұл біршама уақытты қажет ететін болғандықтан, салалық кәсіподақ Денсаулық сақтау министрлігімен арадағы келісім арқылы коэффициенттерді өзгертуге ұйғарып болып, олар өз тарапынан Қаржы министрлігінен тиісті ақшаның кедергісіз бөлінуіне септігін тигізді. Кәсіподақ оны көтеріп салалық келісімге енгізбегенде дәрігерлер өз жалақысының 73 мың теңгесінен айырылатын еді. Соның нәтижесінде аурухана, емханалар әлі де біліктілік категориясы үшін жалғастырып төлеп жатыр. Үкімет оны төлемейміз дегенде бұл институтты қайтадан қалпына кел-

# «МИНИСТРЛІК ДӘРІГЕРЛЕРДІ НОРМАТИВТЕР МЕН БҰЙРЫҚТАРҒА ШЫРМАП ТАСТАҒАН»

дықтан міндетті тегін медициналық қызмет көрсететін мекеме қызметкерлерінің атына айтылатын сын көп. Оның қайсысы негізді, қайсысы негізсіз екенін осы саладағы мамандардан басқа ешкім білмейді.

**«Кәсіподақтар жоғарыдан емес, елдің қалауымен құрылуы керек»**

– Бұл жерде кәсіподақ ұйымдарының рөлі жоғары болу керек қой?

– Азаматтық қоғамда ресурс бар, ұйымдасқан және басқаларға да ықпалы бар бірден-бір қоғамдық ұйым – кәсіподақ. Бірақ халық дұрыс кәсіподақтың айналасына жиналған кезде ғана ол сыйлы, абыройлы, мәртебелі. Бұл үшін кәсіподақты жоғарыдан емес, елдің өзі ұйымдасып, құру керек. Сол кезде оның жұмысы нәтижелі болады.

Біздің есебіміз бойынша саладағы қызметкерлердің жалпы саны 400 мыңнан асады, оның ішінде орта буындағы медицина қызметкерлері саны – 188 мыңнан көп, ал дәрігерлер саны – 78 мыңнан асады. Арасында жекеменшік ұйымдардың қызметкерлері де бар. Сондықтан олардың бәрі бірдей кәсіподақтардың мүшесі деуге болмайды. Өкінішке қарай, кәсіподақ ұйымдарының саланы дамытудағы рөлі әлі тиісті деңгейде емес. Өйткені, ұйымға мүше болу заң жүзінде ерікті болғанымен, шынайы өмірде жағдай мүлде басқаша. Оған саяси жүйенің де әсері бар. Билік органдары түрлі жолдармен кәсіподақ ұйымының күшеюінен қауіптеніп, оның қоғамдық ықпалын төмендету үшін қолдан түрлі кедергілер жасауын тоқтатпай келе жатыр. Сондықтан биыл құрылғанына 100 жыл толатын Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы 2018 жылы «ҚР Кәсіподақтар федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінен бөлініп шығуға мәжбүр болды. Менің білуімше, федерацияға қарасты 200-ден астам объектілерден, соның ішінде санаторий сияқты демалыс объектілерінің 8-і ғана қалған. Бұл жағдайға қарсы шыққандықтан олар бізді жоюға тырысып бақты. Қазіргі уақытта федерация құрамында 8 жыл бұрын құрылған «QazMed» Медицина және

емес, қоғамның бір мүшесі ретінде құқығын білмейтін әрбір азаматтың өзі кінәлі.

**«Біздің еңбегіміз адал, ниетіміз таза»**

– Сіздердің кәсіподақтың қазіргі таңда қанша мүшесі бар?

– Біздің 65 мың мүшеміз бар. Бұдан басқа Алматыдан 20 мың мүшесімен бізге тағы бір кәсіподақ қосылған. Сонымен санымыз 85 мың болады. Ал 2018 жылы 311 мың болғанбыз. Сондықтан саланың мәселесіне жаны ауыратын, оны шешуге ынталы адамдар үшін және өзімізді өзгелерден ерекшелендіру үшін 2 жыл бұрын «Aqniyet» деген атауды иелендік. Оған дейін қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіподағы деп аталып келгенбіз. 1923 жылы құрылған бұл ұйымның был қазан айында 100 жылдығын халықаралық деңгейде атап өтуге әзірлік жасалынып жатыр. Оған әріптестік қарым-қатынаста жұмыс жасап жүрген әлемдік, құрлықтық және түрлі халықаралық ұйымдардан делегациялар қатысады деп жоспарланып отыр.

Осы арада мына бір жәйтке арнайы тоқтала кеткім келіп отыр. Біздің кәсіподақ мүшелерінің саны 65 мың, бірақ 2022 жылы біздің жарнадан жинаған ақшамыз 1 млрд 540 млн теңге болды. Ресми сайттарына қарасаңыз басқа кәсіподақтар мүшесі бізден 3,5-4 есе көп, бірақ жарнадан жинаған қаражаты 2 есе аз. Сондықтан оның себебі неде деген сұрақ туындайды. Себебі біз мемлекет алдында қорықпай, ашық түрде айтамыз. Біздің еңбегіміз адал, ашық, ниетіміз ақ, таза. Әрине мүшелеріміз көп болса, жүйеде оң өзгерістерді жасауға мүмкіндік қазіргіден көбірек болар еді. Қазір енді жаңа өзгерістер болып жатыр ғой. Кейбіреулер онша сеніңкіремейді, бірақ өзгерістердің болуы өзімізге байланысты. Сондықтан әріптестерімізге бізбен бірге болыңыздар, қосылыңыздар дейміз. Өзгерісті күтпей әрекет жасау керек. Дәрігерлердің құқығы қорғалған, жағдайы жасалған болса науқастарға көрсетілетін көмектің де сапасы жақсы болады. Қолжетімділігі де артады. Қоғамның өзі дәрігерлердің мәртебесін көтеруге септігін тигізуі керек.

**«317-бапты ізгілендіру керек»**

– Қазір Мәжілістің қарауына 11 сәуірде түскен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы аясында Қылмыстық кодекстің 317-бабын ізгілендіру мәселесі қоғамда қызу талқыға түсіп жатыр. Бұл туралы не айтасыз?

– Сол заңның айналасында көп өзгерістер болады деген үміттеміз. Біздің ең негізгі үміт артып отырғанымыз медицина қызметкерлерін қылмыстық қудалауды ізгілендіріп, шартты жазаға ауыстыру мәселесі. 2014 жылғы Қылмыстық кодекс қабылданғанға дейін ол осындай ушыққан күйде болған емес. Оған дейін де әртүрлі жағдайлар болып тұрды. Бірақ дәрігерлерді түрмеге отырғызу деген бұрын естімеген нәрсе еді. Өзіңіз білесіз, Мемлекет басшысы VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде: «медицина қызметкерлерінің құқығын қорғауға көп көңіл бөлу қажет. Олардың әлеуметтік жағдайы да назардан тыс қалмауға тиіс. Осыған қатысты арнайы заң жобасы Парламентте бір жылға жуық талқыланды. Бұл құжатта, негізінен, дәрігерлердің жауапкершілігін сақтандыру ғана көзделген. Осы ретте медицина саласының беделін арттыруға қатысты депутаттар мен мамандардың нақты ұсыныстары ескерілмеген. Медицина қызметкерлері заң арқылы қорғауға тиіс. Парламент осы мәселені ерекше назарға алғаны жөн» деген еді. Алайда Қылмыстық кодекстің 317-бабындағы қылмыстық қудалауды әкімшілік жауапкершілікке ауыстыру туралы Президент тапсырмасына біздің құқық қорғау органдары әлі күнге дейін қарсы болып отыр. Олардың келтіріп отырған уәждерін негізді деу қиын. «Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы» деген 317-бап бойынша кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз қарау немесе адал қарамауы салдарынан оларды орындамауы, тиісінше орындамауын

кім, қалай анықтайтынына күмәніміз бар. Мекемеаралық комиссия құрамында көп жағдайда тәжірибелі, білімі жоғары мамандарды емес, арнайы орталықтарда 2-3 айлық курстарда дайындалған жас мамандарды кіргізеді. Оларды сауатсыз деп айта алмаймыз, бірақ олардың қызметіне біздің ғана емес, медицина қызметкерлерінің де көңілі толмай отыр. Шағым түскен соң бұл сарапшылардан тиесілі көмек толыққанды болған жоқ деген қорытынды берілсе болды құқық қорғау органдарына жіберіледі. Сол шешім бойынша тергеушілер дәрігерлерді өздеріне шақырып, тексеру жүргізеді. Дәрігер бұл уақытта жұмысында моральдық, психологиялық жақтан қиыншылықтар көре бастайды. Жұмыс жайына қалады. Кәсіподақ ретінде біздің көзқарас бұл жерде 317-бапты ізгілендіріп, оған шартты жазалар тағайындалу керек. Өйткені, ешкім біреудің денсаулығына қасақана зиян келтірем деп операция жасамайды. Қателескен жағдайда да бұл медқызметкердің қателігінен емес, оның қызметін тиісті деңгейде жүргізуіне мүмкіндік бермеген материалдық және психологиялық жағдайлардан туындауы мүмкін. Әлемдік тәжірибеге көз жүгіртер болсақ ешбір елде мұндай қылмыстық қудалау жоқ. Әртүрлі жағдайлар бар болуы мүмкін. Алайда шағым түсіп, ол дәрігердің кінәсі деп анықталса болды оны сотқа тартуға мүмкіндік пайда болады. Асқыну, науқасқа байланысты кері әсерлерден залал кеп жатса, онда сақтандыру бойынша өтемақысы төленіп, дәрігерге қатысты басқаша шешімдер қабылдану керек.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне қарағанда ковид індетінен дәрігерлердің 10-15 пайызында постковидтік синдром бар. 20 пайызы медицинадан мүлде басқа салаға кетуді ойлап жүрсе, 40 пайызы эмоциналдық өзгерісті бастан өткізуде. Ал өзінің мамандарын қорғай алмаған елдің қиын жағдайда өзге елдердің дәрігерлерін асырауға мәжбүр болатынын ковид індеті көрсетіп берді.

**– Ол қандай шешім?**

– Кәсіптік қауымдастықтар бар. Сол жерден толық зерттеп, анықтап, дәрігердің қатесі қай жерден болды деп оны қайталамас үшін әрекеттер жасау керек. Қайта оқыту керек, не уақытша қызметтен шеттетуге деген сияқты. Жалпы, науқаспен жұмыс

тіру керек деп біз араластық. Медицина қызметкерлері көп жағдайда оны нақты қай кәсіподақ жасап жатқанынан хабарсыз. Сол сияқты 2009 жылдан бері шаруашылық жүргізу құқығындағы ұйымдар бюджеттік мекемеге жатпайды. Ондағы азаматтық қызметкер демалысқа 30 емес, 24 күнге ғана жіберіледі. Ал біз министрлікпен салалық келісім арқылы бұрынғы норманы әлі сақтап келе жатырмыз. Яғни, біздің мүшелеріміз өзгелер секілді 24 емес, 30 күн толық демала алады. Егер ақшамен есептейтін болса бұл санитарқалар үшін 16 мың, дәрігерлер үшін 43 мың теңгені құрайды.

Біз көп балалы, тұрмысы нашар, отбасында науқас адамы бар деген сияқты белгілі бір категориялардағы өз мүшелерімізді санаториге тегін жібереміз. Оларды дәрігер, медсестра, санитарка деп бөлмейміз. Өзгелер өтініш жасаса демалыс ақысының 50 пайызын ғана төлейді, қалған жартысын кәсіподақ өзі жабады. Бірнеше жыл бұрын салынған 90 орындық «Денсаулық» деп аталатын бұл демалыс орны жыл бойы жұмыс істейді және айына 300 адам қабылдай алады. Соның нәтижесінде біздің мүшелеріміздің 10 пайызы жыл сайын тегін немесе жеңілдікпен санаториде демалуға мүмкіндік алады. Мұндай жағдай басқа бірде-бір кәсіподақта жоқ.

Тағы бір артықшылығымыз «Мед-Адвокат» жобасы, біздің мүшелеріміз жұмыстан шығару, негізсіз жазалау, агрессивті пациенттерден қысым көріп, түрлі әкімшілік, қылмыстық істер қозғалып жатса және тағы басқа да құқықтық мәселелерге қатысты сұрақ туындап жатса телефон арқылы хабарласып, көмек сұрай алады. Біз олардың барлық өтінішін мұқият тыңдап, іс қозғалып жатса кәсіби адвокатты да тегін ұсынамыз. Сондай-ақ, кәсіподақ белсенділерін ғана емес бухгалтер, экономист, кадр бөлімі мамандарының да үздіксіз біліктілігін арттыруға көңіл бөлеміз. Онда құқықтық білімдерін көтеру бойынша, көшбасшылық, медиаторлық дағдылар, конфликтология, эмоционалдық интеллект сияқты 50 шақты тақырып бойынша қазақ және орыс тілдерінде қосымша білім береміз.

**– Сұхбатыңызға рақмет.**

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

КӨКЖИЕК

## ТӨЛЕ БИ АУДАНЫ - ТУРИЗМДІ ДАМУ ТУРАДАҒЫ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді дамыту мәселесіне айрықша мән бере отырып, Үкімет және Парламентті осы бағытта пәрменді қадамдар жасауға шақырды. Отандық туризмнің әлеуеті зор, кең-байтақ еліміздің көрікті мекендерінің көптігін алға тартқан Мемлекет басшысы жұрттың әлі де ол жерлерге барып демалуына қолы жете бермейтінін де атап өтті. «Туризм саласына тың серпін беру үшін алдымен инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет. Жалпы, туризмнің болашағы зор екеніне кәсіпкерлердің көзі жетуі тиіс», – деді Президент.**



### Инвестицияның ел үшін игілігі зор

Бұл тұрғыда Түркістан облысы Төле би ауданы туризмді дамытудың жарқын үлгісі бола алады. Тұмса табиғатымен қаншама ақынның, қылқалам шеберлерінің қаламына арқау болған өңір бүгінде абаттанып, инфрақұрылым жүйелері жаңарып, даму үстінде. Таулы аумақтың табиғи ерекшелігі туризмді кластерлік әдіспен дамытуға мүмкіндік туғызып отыр.

Инвестицияның ел үшін зор игілік екені ақиқат. Төле би ауданы – туризм саласына инвестицияны көптеп тартып жатқан бірден-бір өңір. Осы арқылы ауданның кіріс көлемі артып, әлеуметтік-экономикалық мүмкіндігі жақсарыды. Салық түсімі көбейген сайын елді мекенді абаттандыру, жол жөндеу, балаларға ойын алаңын қою, спорттық қондырғылар орнату мүмкіндігі артады.

Аудан әкімі Төлеген Телғараев аймақ экономикасындағы туризмнің үлесін арттыруға ден қойылып отырғанын айтады. «Қазір туризмнің үлесі көп деп мақтана алмаймыз. Оның бірнеше себебі бар. Мәселен, ауданда туристік нысан салған кәсіпкерлердің біразы Шымкентке немесе басқа аудандардың салық органдарына тіркелген. Салықты сонда төлейді. Қазір біз осыған

байланысты мемлекеттік кірістер басқармасымен бірлесе жұмыс атқырып жатырмыз. Бизнесмен немесе инвестор туристік нысанды Төлебиде салса, осы жерден табыс тапса, онда неге осы жерге тіркеліп, салықты осы жерге төлемесе? Туристік саланы мейлінше дамытуға қолайлы жағдайлар жасалуда. Табиғатымызды, орналасқан жерімізді ескеретін болсақ, Біркөлік шатқалында, Қасқасу бағытында, Қоғалы ауылдық округінде жақсы туристік нысандар бой көтеріп, пайдалануға берілуде. Оның ішінде сауықтыру орталықтары, демалыс орындары бар. Ендігі мақсат соларды заманауи, халықаралық талаптарға сәйкестендіру», – дейді Т.Телғараев.

### Туристер қызығатын аймақ

Аудан әкімдігінің дерегінше, бүгінгі күні туризм бағытында шаңғы базасы, 4 емдік-сауықтыру орны, 71 демалыс аймағы, 64 саяжай жұмыс істеуде. Алдағы жылдарда Төле би ауданының аумағында Қасқасу тау-шаңғы курортының жобасы іске асырылмақ. Қасқасу шатқалында ашылатын бұл туристік нысан Алматыдағы атақты «Шымбулак» шаңғы базасынан да үлкен әрі заман талабына сай демалыс орны болмақ.

2022 жылдың ресми статистика-

лық мәліметі бойынша Төле би ауданына 47 мың турист келіп кеткен. Бейресми дерек бойынша келушілер бұдан да көп. Туристер негізінен облыстың аудандарынан және Шымкент қаласынан келеді. Табиғат аясында бір-екі күн демалып кетемін дейтіндер Біркөліктегі демалыс орындарына, ал енді тауға шығамыз дейтіндер Қасқасу бағытына көп барады.

– Сенбі-жексенбі күндері кептеліс болып кетеді. Ол жерлерде көлік көп жүруіне байланысты жол қауіпсіздігін де ескеру қажет. Бізге туристік полиция керек, осы туристік бағыттар бойынша қосымша бейнекамералар мен жол белгілерін орнату қажет. Мұның барлығы адамдардың қауіпсіздігі үшін орындалуы керек талаптар, – дейді Т.Телғараев.

Туризмді дамыту мақсатында Қаратөбе ауылдық округі аумағынан кәсіпкер Ерболат Нұрланбекұлы «Нұрлы сан» демалыс аймағын іске қосуды жоспарлауда. Тартылатын инвестиция көлемі – 1 млрд 500 млн теңге. Демалыс аймағына 45 коттеджді, сауықтыру орталығы, футбол алаңы мен бассейні, теннис алаңының құрылысы жүргізіледі деп күтілуде. Жоба іске асқан жағдайда 65 адам маусымдық, 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Ал Балдыберек елді мекенінен 200 адамға арналған спорттық-сауықтыру орталығы іске қосылады деп күтілуде. Жеке кәсіпкер Нұрдәулет Құралбекұлы 6,8 гектар аумаққа 26 коттеджді, бассейн, стадион, теннистік корт, жабық спорт кешені, кіші футбол алаңшасы мен жүгіру жолағын салуды жоспарлауда. Жоба құны – 800 млн теңге.

Туризм саласы бүгінде нарықтың жаңа талабына бейімделе бастады. Бұл орайда экологиялық туризмнің, яғни таза ауада тыныстап, атқа мініп, табиғи өнімдерді тұтынып, көңілге қонымды іспен айналысуға жағдай жасайтын глэмпинг желісінің болашағы зор. Төле би ауданында туризмнің осы түрін дамытуға мүмкіндік мол. Глэмпинг – табиғат аясындағы жайлы демалыс, яғни ауданда таза ауада саумалмен сусындап, алаңсыз демалуға мүмкіндік жасалған орын көп.

Аудандық киелі орындардың пайда болу тарихын шетелдік туристерге, жастарға дәріптеудің де берері мол. Яғни, зиярат ету орын-



дары туризмді дамытуға да зор үлесін қосып келеді. Мысалы, Төле би ауданы, Қазығұрт тауы баурайында орналасқан Файып Ерэн Қырық Шілтен әулиелі мекенге еліміздің түкпір-түкпірінен, алыс-жақын шетелден келушілер өте көп.

### Сауықтыру туризміне сұраныс жоғары

Ауылды дамытуға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту үшін тағы 1,5 мыңнан аса жобаға бюджеттен 143 млрд теңгенің бөлінетінін айтты. Мемлекеттің қолдауы аймақты дамытуға зор септігін тигізеді сөзсіз. Дегенмен, ауыл тұрғындары да үкіметке қол жайып қарап отырмай, шағын кәсіп ашып тынымсыз еңбек етуде. Соңғы уақыттарда Төле би ауданының шаруалары сұранысқа байланысты қымызбен емдеу орталықтарын ашуға кірісті.

Мысалы, Төле би ауданына еліміздің басқа өңірлерінен келушілер, шетелдік туристер Диханкөл ауылы тұрғындарының тіршілігі жылқымен тікелей байланысты екеніне көз жеткізіп, атакәсіп бойынша көп мағлұмат алып қайтады. Тұрғындардың 80 пайыздан астамы қымыз өндірісімен айналысатын бұл ауылда үй іргесінен саумалмен сауықтыру орталықтары ашылып жатыр. Бүгінде халық табиғи өніммен емделуге ден қоюда. Оның өзіндік себебі де жоқ емес. Беті аулақ, коронавирус деген індет көп нәрсеге басқаша қарауға негіз болды. Осы орайда сауықтыру туризміне ден қойылды.

Быттыр «Бизнесің жол картасы – 2025» бағдарламасы мен «Кәсіпкерлік қырандары» жобасы арқылы қаржыландыру нәтижесінде жеке кәсіпкер Е.Еспенбетова Диханкөл елді мекенінде құны 57 млн теңге

болатын «Дихан тау» саумалмен сауықтыру орталығын іске қосты. Кешен бір мезгілде 25 отбасын қабылдайды.

Мұндай шипажайлар – иммунитетін нығайтқысы келетіндер үшін таптырмайтын дүние. Бал қымызымен танымал Диханкөлдегі орталықтарға келушілер қатары өсті. Туристер мұндағы қымыз баптаудың өзіндік құпиясын білгісі келеді. Бұл орайда фермерлердің өзі ұлттық сусынның артықшылығын жылқының тау етегіндегі емдік шөпке жайылуымен байланыстырады. Күн сайын жергілікті тұрғындар бірнеше мың тоннаға дейін қымыз сатады.

«Төле би ауданында жыл он екі ай туристердің қарасы үзілмейді. Сырттан келетіні бар, іштегі өзіміздің демалушылар бар. Соған байланысты сервистік қызмет көрсету мәселесі де қолға алынып жатыр. Барлық деңгейдегі әкімдерге қойылған басты мақсат – ауданға, елді мекенге, өңірге инвестиция тарту. Бұл ауданды дамытудағы ең өзекті мәселе. Өткен жылы ауданға 24 млрд теңге инвестиция тартылған болса, биыл осы көрсеткішті 28 млрд теңгеге жеткізу жоспарда бар. Әрине, бұл бірінші кезекте өндіріс пен туризмді дамытудың есебінен жүзеге аспақ», – дейді аудан әкімі Төлеген Телғараев.

Иә, Диханкөл аулының тұрғындары да инвестиция игілігін көріп келеді. Мысалы, «Кәсіпкерлік қырандары» жобасы аясында өз жобасын қорғаған осы ауылдың тұрғыны саумал-сауықтыру орталығын ашты. Бес миллион теңге грант жеңіп алған кәсіпкер өз ауласында 20 адамға арналған орталық салған. Қазір жергілікті бірнеше тұрғынды жұмыспен қамтып отыр. Бие сауып, отбасын асырап отырған Бағлан Рысбаев кәсібін кеңейтуге бел буған. «Ғалымдар саумалдың қырыққа жуық аурудың алдын алатынын дәлелдеп берген. Оның үстіне сусын ағзаның ауруға қарсы белсенділігін күшейтеді. Сондықтан ол дәл осы бизнес жобаны қорғап, қолдауға ие болған. Осы орайда саумал-сауықтыру орталығын аштық. Үкіметтен берілген гранттың көмегімен халыққа қызмет көрсету аясын кеңейтеміз. Қаланың күйбің тірлігінен шаршап, таулы өлкеге демалуға келетіндердің қарасы көп. Келушілер ем алуға алдын ала жазылады», – дейді Бағлан Рысбаев.


Осы арада айта кетелік, Түркістан өңірінде бизнес алпауыттарының қатысуымен бытыр алғаш рет «Кәсіпкерлік қырандары» жобасы бастау алған болатын. Осы жоба арқылы Түркістан облысы бойынша өз кәсібін бастаған азаматтар қатары көбейе түседі.

**Р.НАРБЕК,**  
**Түркістан облысы**

ОҢ ҚАДАМ

## ТАРИХЫ МЕН ТАБИҒАТЫ ТАМСАНТҚАН АЙМАҚ

Анталлияның тарихи ауданы Финике табиғи сұлулығымен, дәмі тіл үйретін тағамдарымен және тіршілік ағысының баяулығымен Халықаралық Gittaslow қауымдастығының назарына ілікті. Аталған ұйымның мәлімдеуінше, Түркияда адамдар асықпай өмір сүретін 22 баяу қала мен аудан бар.



Финике көлемінің шағындығына қарамастан тарихына, табиғи сұлулығына және гастрономиялық мәдениетіне байланысты Жерорта теңізінің танымал туристік орнына айналған. Көне заманда бұл аймақ Финикос (Финикос) деген атпен белгілі болды және оның негізін финикиялықтар біздің дәуірімізге дейінгі 500 жылдар шамасында салған деген аңыз бар. Көптеген жылдар бойы Финике Ликияның астанасы Лимираның ауылшаруашылық өнімдерін экспорттаған аймақ болды. Аймақта тарихи ғимараттар мен ескі қалалардың орны қалған. Мысалы, Лимира ежелгі қаласы мен Арықанда

көне қаласы Финикенің тарихы туралы көбірек білуге болады.

Финике өзінің табиғи сұлулығымен, көркем шығанақтарымен және жағажайларымен ерекшеленетін курорттардың бірі ретінде танылған. Мұнда табиғатқа қызығатындарға керектінің бәрі бар: көптеген іс-шараларды, әсіресе трекингті ұсынатын Гөкбүк каньоны және сталактиттері, травертиндері және әртүрлі көлемдегі бассейндерімен назар аударатын Сулуин үңгірі; және Жерорта теңізінің атақты итбалықтарының мекені Андреа Дория шығанағы. Гөклицан шығанағы – Финикенің ең танымал табиғи сұлулықтар-

ының бірі, пикник және кемпинг сияқты әртүрлі іс-шаралар жиі өткізіледі.

Финикенің асханасы да ерекше. Бұл шағын қалада жергілікті рецепт бойынша дайындалған жаңа Жерорта теңізі балықтарының дәмін татуға және әдемі көріністерді тамашалауға болатын мейрамханалар бар. Финикеге барған кезде міндетті түрде желеуге болатын жемістердің бірі – бүкіл әлемге өзінің хош иісі мен дәммен танымал Финике апельсині.

Gittaslow, ағылшын тіліндегі италияндық «citta» және «baya» сөздерінің қосындысы «баяу қала» дегенді білдіреді. Читтаслоу қозғалысы 1999 жылы Италияда Slow Food қозғалысын қаладық аймаққа кеңейту ниетінен пайда болған. Өмірдің баяу қарқынын және өмір сүру сапасын жақсартуды талап ететін Читтаслоу қозғалысы қаланың бастапқы құрылымы, сәулеті, дәстүрі мен әдет-ғұрпы, жергілікті тағам мен тарихи бірегейлік сақталса, бұған қол жеткізуге болады деп санайды. Дамудың жаңа моделін жақтаған Gittaslow қозғалысы тез арада бүкіл әлемге таралып, муниципалитеттер қосыла алатын халықаралық ұйымға айналды. Қауымдастықтың мүшелері қоршаған орта, инфрақұрылым және дәмді тамақ тақырыптары бойынша 72 критерийге сай болуы және баяу қала философиясын ұстануы керек.

Финикеден кейін Анталлияның басқа тарихи аудандары Эльмали, Демре және Ибраиді Читтаслоу желісіне қосу жұмыстары басталды. Gittaslow халықаралық үйлестіру комитеті 2023 жылдың 14-15 сәуірінде Польшаның Ресзел қаласында жиналып, Финикені Түркиядан жаңа аймақ ретінде өз желісіне қосты.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ,**  
**«Заң газеті»**

ИГИС

## ҒАЛЫМНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Өз тарихын білмеген елдің болашағы бұлыңғыр. Ертеңгімізге есті қадам жасау үшін өткенімізді естен шығармауға тиіспіз. Ол үшін тарихымызды танып, елдің өркендеуіне үлес қосқан тұлғаларды ұмытпау орыңды. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде тұлғатану, ғалымдар еңбегін дәріптеуге бағытталған шаралардың тұрақты ұйымдастырылуы сондықтан.

Қазақстанның құқықтық саласының халықаралық талаптарға сай дамып, заңдық тетіктердің түгенделуіне атсалысқан ғалымдар аз емес. Отандық заңнамалар базасының бір арнаға түсіп, құқықтық құрылымдар жұмысының өзара үйлесімділікте дамуына ғалымдар көп еңбектенді. Елдің құқықтық сауатының артуына, мемлекеттік қызметтің заңды жұмыс істеуіне алғышарт жасаған да осы ғалымдар. Себебі әр саланың үздіксіз, іркіліссіз алға басуы жұмыстың дұрыс жолға қойылуына тікелей байланысты. Сондықтан, жақсы істердің басында тұрған ғұламалардың, ғалымдардың шығармашылығын дәріптеу, еңбегін насихаттау, мұрасын келер ұрпаққа жеткізу аса маңызды.

Заң саласы туралы айтқанда Сұлтан Сартәев, Файрат Сапарғалиев, Кәлимолла Халиқов, Салық Зиманов секілді біртуар тұлғалардың есімі қатар аталады. Ата Заңымыздан бастап, халық тірек еткен барша құқықтық құжаттардың дайындалуына сүбелі үлес қосқан ғалымдар заң саласының барын жетілдіріп, жоғын түгендеп қана қойған жоқ, ғылым мен білімге құштар бірнеше буынды дайындауға атсалысты. Ал осы ғалымдардың тұлғалық қолбегін қалыптастырып, өмірі мен қызметін бағалаудан ұтарымыз көп. Ең алдымен ғалымдардың еңбегін таразылау заң ғылымын өркендеткендер қызметінің елеусіз қалмайтынын көрсетеді. Екіншіден, ғалымның шығармашылығына тоқталу ғылымға бет бұрар жастардың санын арттырады. Үшіншіден, бұл қоғамның қазақ ғылымына деген оң көзқарасының орнығуына ықпал етеді. Тарихи тұлғалардың өмірдеректерін жастарымыз оқи отырып, олардың еліне сіңірген еңбегімен тереңірек танысуға қол жеткізіп, отаншылдыққа, елге адал қызмет етуге тәрбиеленеді.

**Роза ЕРЕЖЕКҰЗЫ,**  
**ҚазҰУ-дың PhD докторы**

# БОСТАНДЫҚТЫҢ ҚАДІРІН БІЛГЕН ЖАҚСЫ

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің №13 мекемесінде өтелмеген жаза мерзімін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстырған сотталушыларды бостандыққа шығарып салу шарасы өтті.



«Қақпа алдында кездесу» шарасы аясында босатылатын сотталғанның денсаулық жағдайы, білім деңгейі, жұмыспен қамтылуы, тұрғылықты жерінің болуы, сондай-ақ, оған көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемін анықтау үшін қажетті жеке тұлғаны зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Осыған орай, Р.Табинға босатылғаннан кейінгі тұрмыстық және жұмысқа орналасуы жөнінде құқықтары мен міндеттері, босатылғаннан кейінгі жұмысқа орналасуы үшін керекті құжаттар тізімі, жұмыспен қамту бөлімінің мекенжайы көрсетілген жадынама беріледі. Өзіне мүмкіндік берген мекеме әкімшілігіне Р.Табин алғысын айтып, ризашылығын білдірді. Бас бостандығынан айыру органы жаза өтеушілер тағдырына немқұрайлы қарамайды. Оларға қоғамның

толыққанды мүшесі ретінде қарап, жазасын өтегеннен кейін жаңа өмірге бейімделуіне қолдау көрсету қажет. Сотталғандардың әлеуметтік және тұрмыстық жағдайына ерекше назар аударып, жол сілтеу баршамыздың ортақ міндетіміз.

К.АБДУЛЛАЕВА,

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті №13 мекемесінің заңгері

## ӘДЕБИ БАЙҚАУ!

Көрнекті қазақ жазушысы Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ҚР Ұлттық кітапханасы «Заң газетімен» бірлесіп, жастар арасында «Қазіргі детектив жанрындағы шығарма» әдеби байқауын жариялайды. Байқау детектив жанрында шығарма жазуға қабілетті республика жастары (жоғары сынып оқушылары мен студенттер) арасында өткізіледі.

### БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ:

Қатысушылар келесі мәліметтерді: толық аты-жөнін (төлқұжатының көшірмесімен бірге), ұялы байланыс нөмірін, электронды поштасының мекенжайын ұсынуға тиіс.

Байқауға жіберілетін шығармалар детектив жанрының табиғатына сай болуы керек.

Бір автор бірнеше шығармасын ұсына алады, оларды іріктеп алу ұйымдастырушылар құзырына кіреді.

### МӘТІНГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

мәтін Microsoft Word нұсқасында терілуі тиіс, қарпі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, шет-шетінен – 2 см, көлемі –10 беттен аспауы тиіс.

Белгіленген мерзімнен кешіктіріліп жіберілген және байқаудың талабына сай келмейтін, сондай-ақ, «Антиплагиат» жүйесінде авторлыққа тексерістен өткізілмеген шығармалардың байқауға қатысуына жол берілмейді.

22 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында үміткерлер шығармаларын қазылар алқасы іріктейді.

Байқау қорытындысы 2023 жылғы 8 қыркүйекте жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық конференция аясында жарияланады.

**Байқауға ұсынылатын шығармалар электронды нұсқада 2023 жылдың 20 сәуірі мен 21 тамыз аралығында қазақ және орыс тілінде org.nbrk@mail.ru электрондық пошта бойынша қабылданады.**

## ЖАРНАМА

### ӘРТҮРЛІ

8. «Аспан финанс» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектүлі серіктестігі, БСН 200940014003, заңды мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 22Б, осымен микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды.

11. «Fruits Asia (Фрукты Азии)» ЖШС, «Өндірістік база. Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Болашақ» шағынауданы, 63».

Тыңдаулар: 22 мамыр 2023 жылы сағат 10: 00-де Алатау ауданы, «Болашақ» шағынауданы, 63. Тапсырыс беруші: «Fruits Asia (Фрукты Азии)» ЖШС.

Бас жобалаушы: «Градостроитель и К» ЖШС. Эскиз жобасын мына мекенжайдан табуға болады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Болашақ» шағынауданы, 63. Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды келесі электрондық мекенжайға жіберуге болады: yiv\_0509@mail.ru

12. «Орал әк зауыты» ЖШС 2023 жылғы 17 маусымда сағат 15:00-де Орал қаласы, Зацаганск кенті, Азербайджанская көшесі, 48 мекенжайы бойынша келесі күн тәртібінен қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлайды:

1. «Батыс Қазақстан құрылыс материалдары корпорациясы» АҚ тартылған қаржыландыру бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде «ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк) ұсыныуы:

- 150 000 000 (Жүз елу миллион) теңгеге дейінгі сомада, 36 айды қоса алғанда, сыйақы мөлшерлемесі 21,75% жылдық мөлшерлемемен,
- 708 112 000 (Жеті жүз сегіз миллион бір жүз он екі мың) теңгеге дейін, 13.01.2029 жылға дейінгі мерзімге қоса алғанда, жылдық сыйақы мөлшерлемесі 21,75%.

Серіктестік кепілдіктері «Батыс Қазақстан құрылыс материалдары корпорациясы» АҚ-ның Банк алдындағы міндеттемелерін барлық сомасына және «Батыс Қазақстан құрылыс материалдары корпорациясы» АҚ-ның тартылған қаржыландыру бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі кезеңге, толық бірлескен болжаммен және «Батыс Қазақстан Корпорациясы Құрылыс материалдары» АҚ міндеттемелері бойынша бірнеше жауапкершілік».

2. «Батыс Қазақстан құрылыс материалдары корпорациясы» АҚ мен Банкке Серіктестіктің кепілдігінде осыны көрсете отырып, серіктестіктің шешімінсіз тартылған қаржыландыру үшін кредиттік желіні пайдалану мерзімі шегінде әзірлеудің соңғы мерзімін дербес өзгерту құқығын беру, серіктестіктің жоғары органы.

3. «Батыс Қазақстан құрылыс материалдары корпорациясы» АҚ және/немесе Серіктестік Банк алдындағы міндеттемелерін орындамаған/тіісінше орындамаған жағдайда, Банктің барлық банктік шоттарынан ақшаны даусыз алу (есептен шығару) құқығын беру. Серіктестік екінші деңгейдегі банктер де немесе қаржы ұйымдарында Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде ашылады.

4. Қажетті құжаттарға қол қою өкілеттіктерін беру. Жиналысты өткізу тәртібі: «Жауапкершілігі шектүлі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47-бабына сәйкес.

Сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі мен тәртібі: сырттай дауыс беру өткізілмейді.

Жиналыс өткізілетін заңнамалық нормалар: Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектүлі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 42-50-баптары.

Қворум болмаған жағдайда, қайталама жалпы жиналыс 2023 жылғы 18 маусымда сағат 10.00-де Орал қаласы, Зацаганск кенті, Азербайджанская көшесі, 48 үй мекенжайында өткізіледі.

### 14. «АМАНАТ» авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау коммерциялық емес ұйымы» ЖМ-нің 2022 жылғы ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Ұйым мүшелері – 576 (орындаушылар – 503, авторлары – 68, фонограмма өндірушілер – 5);  
Пайдаланушылар: телеарналар – 34, радиоарналар – 42, кабельді тарату – 36, интернет-тарату – 11, театрлар – 6, көпшілік пайдаланушылар – 149;  
2022 жылы жиналған сыйақының жалпы сомасы – 467 268 589 теңге, оның ішінде авторлық құқық бойынша – 18 712 649 теңге, аралас құқық бойынша – 162 786 128 теңге.  
2022 жылы бөлінбеген сыйақының жалпы сомасы – 35 231 397 теңге, оның ішінде авторлық құқық бойынша – 18 712 649 теңге, аралас құқық бойынша – 16 518 748 теңге (бұл соманы бөлу тәртібі ұйым мүшелерінің Жалпы жиналысында шешіледі).  
2022 жылы бөлінуге жататын сыйақының сомасы – 432 037 192 теңге, оның ішінде авторлық құқық бойынша – 285 769 812 теңге, аралас құқық бойынша – 146 267 380 теңге.  
2022 жылы құқық иеленушілерге есептелген сыйақының жалпы сомасы – 324 936 725 теңге, оның ішінде авторлық құқық бойынша – 217 706 722 теңге, аралас құқық бойынша – 107 230 003 теңге.  
Ұсталған әкімшілік шығындар – 107 100 467 теңге (24,8%), оның ішінде авторлық құқық бойынша – 68 063 090 теңге (23,8%), аралас құқық бойынша – 39 037 377 теңге (26,7%).  
Құқық иеленушілерге төленген пайызы: 75,2%, оның ішінде авторлық құқық бойынша – 76,2%, аралас құқық бойынша – 73,3%.  
2022 жылы пайдаланылмаған сыйақылар – 21 504 381 теңге.

### 15. «АМАНАТ» авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау коммерциялық емес ұйымы» ЖМ-нің 2021 жылғы ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Ұйым мүшелері – 603 (орындаушылар – 532, авторлар – 67, фонограмма өндірушілер – 4);  
Пайдаланушылар: телеарналар – 35, радиоарналар – 42, кабельді тарату – 37, интернет-тарату – 7, көпшілік пайдаланушылар – 134;  
2021 жылы жиналған сыйақының жалпы сомасы – 334 441 706 теңге, оның ішінде авторлық құқық бойынша – 199 485 357 теңге, аралас құқық бойынша – 134 956 349 теңге.  
2021 жылы бөлінбеген сыйақының жалпы сомасы – 4 587 315 теңге, оның ішінде авторлық құқық бойынша – 1 295 966 теңге, аралас құқық бойынша – 3 291 348 теңге (бұл соманы бөлу тәртібі ұйым мүшелерінің Жалпы жиналысында шешіледі).  
2021 жылы бөлінуге жататын сыйақының сомасы – 329 854 391 теңге, оның ішінде авторлық құқық бойынша – 198 189 391 теңге, аралас құқық бойынша – 131 665 000 теңге.  
2021 жылы құқық иеленушілерге есептелген сыйақының жалпы сомасы – 260 826 734 теңге, оның ішінде авторлық құқық бойынша – 168 518 097 теңге, аралас құқық бойынша – 92 308 637 теңге.  
Ұсталған әкімшілік шығындар – 69 027 657 теңге (20,9%), оның ішінде авторлық құқық бойынша – 29 671 294 теңге (15,0%), аралас құқық бойынша – 39 356 363 теңге (29,9%).  
Құқық иеленушілерге төленген пайызы: 79,1%, оның ішінде авторлық құқық бойынша – 85,0%, аралас құқық бойынша – 70,1%.  
31.12.2021 ж. жағдай бойынша, жұмыстың барлық кезеңінде пайдаланылмаған сыйақылар – 80 073 260 теңге.

### МҰРАГЕРЛІК

2. 01.11.2022 ж. Қалымбетова Нуркуль Тилеуовнаның қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус М.С. Жананкулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 139 үй, 82 пәтер. Тел.: 87059612201.

3. 15.11.2022 ж. Апбазов Талгат Қайрақбаевичтің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус М.С. Жананкулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға

келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 139 үй, 82 пәтер. Тел.: 87059612201.

6. 24.11.2022 жылы қайтыс болған азамат Кенебаев Женис Бактығалиевичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі, 113 Б, «Жерұйық» БО, 3 қабат, 2 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус Г.С. Саламатқа хабарласуларын сұраймыз.

### ТАРАТУ

4. «Қарағанды коммерциялық колледжі» жеке меншік мекемесі (БСН 970240001114) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды обл., Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50 үй.

5. «Ел жағдайы» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 160540004399) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Кенесары ауылы, Целинная көшесі, 16 үй.

7. «Есіл ауданының білім беру бөлімінің Біртал бастауыш мектебі» КММ (БСН 990340007389) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола обл., Есіл ауд., Есіл қ., Мұхтар Әуезов көшесі, 19 үй.

9. «Достар 1991» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 230140004706, 06 қантар 2023 жыл) жұмысын тоқтатқандығын хабарлайды.

10. «А.А.Н.ГРУПП» ЖШС, БСН 170440004199, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: «Қалқаман-2» ықшамауданы, Мансұр Сағатов көшесі, 52а, тел.: 87076010954, 87007551989.

13. «KAZ Med Innovation» ЖШС, БСН 120140015293, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 5 ықшамаудан, 15 үй, 2 пәтер.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,  
8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73  
www.gazetyisaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru  
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволева Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 12-24-19, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естаи көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сағидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87054422939.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қырдырабаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

16. «Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Университет) 2023-2024 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамы қызметкерлерінің бос жұмыс орындарына байқау жариялайды ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ - 70

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Academic T.S. Sadikov and Faculty of History.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of History and Faculty of Law.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Law and Faculty of Economics.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Law and Faculty of Economics.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Economics and Faculty of International Law.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of International Law and Faculty of International Relations.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of International Relations and Faculty of Geography.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Geography and Faculty of Chemistry.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Chemistry and Faculty of Mathematics.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Mathematics and Faculty of Pedagogy.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Pedagogy and Faculty of Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Psychology and Faculty of Pedagogical Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Pedagogical Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Psychology and Faculty of Applied Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Applied Psychology and Faculty of Pedagogy.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Pedagogy and Faculty of Physical Education.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Physical Education and Faculty of Design.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Design and Faculty of Applied Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Applied Psychology and Faculty of Music.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Music and Faculty of Military.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Military and Faculty of Philology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Philology and Faculty of Applied Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Applied Psychology and Faculty of Applied Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Applied Psychology and Faculty of Applied Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Applied Psychology and Faculty of Applied Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Applied Psychology and Faculty of Applied Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Applied Psychology and Faculty of Applied Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Applied Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Applied Psychology and Faculty of Applied Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Applied Psychology and Faculty of Applied Psychology.

Table with 4 columns: №, Ғылыми дәрежесі, Бос лауазымдар, бірлік саны. Rows include Faculty of Applied Psychology and Faculty of Applied Psychology.

\* - ҚазҰПУ берілген атағы

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: профессор лауазымына\*\*:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, ғылыми дәрежесінің және (немесе) PhD дәрежесінің, «профессор»\*\* ғылыми атағының болуы және ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 5 жыл жұмыс өтілі;

қауымдастырылған профессор (доцент) лауазымына\*\*:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, ғылыми дәрежесінің және (немесе) PhD дәрежесінің, «қауымдастырылған профессор (доцент)»\*\* ғылыми атағының болуы және ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;

аға оқытушы лауазымына: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, ғылыми дәрежесінің және (немесе) PhD дәрежесінің немесе магистр дәрежесінің болуы, жоғары оқу орындарында және (немесе) ғылыми-зерттеу институттарында кемінде 1 жыл ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі;

оқытушы лауазымына\*: жоғары білімі, мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі (магистр дәрежесінің болуы және (немесе) PhD докторантура бағдарламасы бойынша оқуы).

\* Усынылғаннан бос лауазымнан жоғары дәреже болған кезде конкурстық рәсімдер үшін құжаттарды қабылдауға жол беріледі. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1. Университетте жұмыс істейтін қызметкерлері: 1) Басқарма Төрағасы – ректордың атына конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) Үміткерлердің қағаз немесе электрондық форматтағы сауалнамасы\*; 3) Үміткерлердің қызметін бағалау жөніндегі сауалнама\*; 4) Кафедра отырысының шешімі; 5) Бас ғылыми хатшы куәландырырған ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (соңғы 5 жыл ішінде); 6) Шетел тілін меңгеру деңгейін дәлелдейтін сертификат (бар болған жағдайда); 7) Қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы куәліктердің көшірмелері (бар болған жағдайда) және салыстыру үшін түпнұсқалары (соңғы 5 жыл ішінде); 2. Университеттің штаттық емес үміткерлері: 1) Басқарма Төрағасы – ректордың атына конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) Үміткерлердің қағаз немесе электрондық форматтағы сауалнамасы\*; 3) жеке куәліктің көшірмесі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат, салыстыру үшін олардың түпнұсқалары; 4) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін), кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы; 5) Соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама; 6) Наркологиялық, психоневрологиялық диспансерлерде тіркелмегендігі туралы медициналық анықтамалар; 7) Шетел тілін меңгеру деңгейін дәлелдейтін сертификат (бар болған жағдайда); 8) Қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы куәліктердің көшірмелері (бар болған жағдайда) және салыстыру үшін түпнұсқалары (соңғы 5 жыл ішінде); 9) Бас ғылыми хатшы куәландырырған ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (соңғы 5 жыл ішінде); 10) Соңғы жұмыс орнынан мінездеме немесе ұсыныс, өмірбаян; Шетелдік оқу орындары берген білім туралы құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге ұсынылады. «Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленуші, сондай-ақ, халықаралық шарттар (келісімдер) шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары берген білім туралы құжаттар Білім туралы құжаттарды тану рәсімдерінен өтпей-ақ Қазақстан Республикасында танылады. Конкурсқа қатысуға құжаттар және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш барлық құжаттармен бірге конкурс өткізу басталғанға дейін өтінші берген тұлғаға қайтарылмай.

Конкурсқа қатысуға өтініш пен құжаттарды беру мерзімі: 2023 жылдың «2» маусымға дейін (қоса алғанда).

Құжаттарды қабылдау қолма-қол мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13. Кадр саясаты бөлімі (№103 кабинет); сағат 9-00-дан 18-00-ге дейін. Анықтама телефондары: 8 (727) 291-82-57; Штаттық профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық оқу жүктемесі мен жалақысы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы профессор-оқытушылар құрамы үшін ұсынылатын педагогикалық жүктеме мен ең төменгі жалақыны айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 122 бұйрығына сәйкес айқындалады.

\* Сауалнама деректерімен жұмыс істеу рәсімі: Үміткерлердің әрқайсысы ұсынылған «Үміткердің анкетасы» бланкісін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, үміткердің академиялық кезеңдегі қызметінің нәтижелерін көрсететін жеке көрсеткіштер негізінде толтырады; сауалнамаларды толтыруды үміткерлер «өлшеу жиілігі» сауалнамасында көрсетілген кезеңде қол жеткізілген нәтижелер негізінде жүргізеді.

\*\*Кафедра меңгерушілері конкурсқа қатысатын штаттағы қызметкерлердің қызметін бағалау үшін кафедралық жетекші мамандарын тарта отырып, «Оқытушының қызметін бағалау жөніндегі сауалнаманы» толтырады. Үміткерлерге арналған сауалнамасының электронды файлы сақтауға қойылатын талаптар: Үміткердің Тегі\_аты\_кафедрасы\_сауалнама (жеке куәлік бойынша тегі, аты және әкесінің аты (бар болса). Үлгі: Аббаев Абай Дизайн Сауалнама. «Үміткердің сауалнамасын» жіберуге арналған электрондық пошта мекенжайы: hr.konkurs-2023@abaiuniversity.edu.kz



МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: City, Name. Rows include Astana, Almaty, Aktau, Atyrau, Mangystau, Qyzylorda, Turkestan, Baysay, Kazan.

РЕДАКЦИЈАНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 6610 дана Апталық таралым 11 220 дана

Тапсырыс №66 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген кәсіпкерге байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31